

2
➤

«Жаңа Конституция – ұзақ мерзімді дамудың берік негізі»



7
➤

Өңірде қарғын суға дайындық күшейтілді



16+



DIDAR

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТИ



1931 жылдың 24 қазанынан шығады

№9 (18569)

26 ақпан 2026 жыл

WWW.DIDAR-GAZETI.KZ

8
➤

БЕЛСЕНДІ ӨМІР – ҰЗАҚ ҒҰМЫР КЕПІЛІ



4
➤

Токио төрінде топ жарған чемпионға үш бөлмелі пәтер берілді



7
➤

Авиация: шалғай аудандарға сенімді көмек



#СЕНАТ

Мәулен Әшімбаев: жаңа Конституция – заманауи мемлекет моделіне өту жолындағы саналы және батыл қадам

📷 Н.Байбулин

Мәулен Әшімбаев Шығыс Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында мәслихат депутаттарымен, жергілікті жұртшылықпен, этномәдени бірлестіктер өкілдерімен, белсенді жастармен және еңбек ұжымдарымен кездесті. Барлық іс-шара «Жаңа Конституция – ұзақ мерзімді дамудың берік негізі» тақырыбына арналды. Сондай-ақ кездесулерде Мемлекет басшысы айқындап берген реформалардың басым бағыттары, Ата Заңның негізгі жаңа нормалары және Президент тапсырмаларын жүзеге асыру аясындағы бірлескен жұмыс тетіктері талқыланды.

Сенат Төрағасы атап өткендей, конституциялық реформа – айрықша маңызға ие тарихи оқиға және демократияны нығайту жолындағы нақты қадам. Жаңа Конституция – Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған реформалардың тікелей нәтижесі. Бұл өзгерістер саяси институттарды қайта жаңғыртып, Қазақстанның тиімді әрі заманауи басқару үлгісіне кезең-кезеңімен көшуін қамтамасыз етеді.

– Конституциялық реформа – Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың еліміздің саяси жүйесін ауқымды және кешенді жаңғыртуға арналған бастамаларының заңды әрі дәйекті жалғасы. Жаңа Конституция жобасы заң мен тәртіп қағидатына, азаматтардың мүддесі мен құқықтарына табан тірейді. Жалпы, бұл шешім – заманауи мемлекет моделіне өту жолындағы саналы және батыл қадам. Ата Заңдағы концептуалды өзгертулердің бірі адам құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең жоғары құндылығы ретінде бекітілуі екенін атап өткен жөн. Жаңа конституциядағы дәл осы қағида мемлекеттік құрылымның барлық жүйесінің негізін қалыптастырады, – деп, Мәулен Әшімбаев мәслихат депутаттарымен бірлесіп атқаратын алдағы ортақ міндеттерді тілге тиек етті.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы өңірдің өндірістік және ғылыми әлеу-

етіне ерекше назар аударып, қоршаған ортаны қорғау саласындағы сын-қатерлерге де тоқталды. Сондай-ақ ол жаңа Конституциядағы экологиялық нормалар халықтың денсаулығын сақтауды және кәсіпорындардың жұмысына инновациялық технологияларды енгізуді қамтамасыз ететін стратегиялық маңызға ие екенін айтты.

– Жаңа Конституциядағы экологиялық ережелердің Шығыс Қазақстан үшін маңызы зор. Алғаш рет табиғатқа қамқорлық таныту мемлекеттің іргелі құндылықтарының бірі ретінде бекітілді. Орнықты даму, экологиялық қауіпсіздік және келер ұрпаққа қамқорлық жасау – Қазақстанның стратегиялық таңдауы. Сондай-ақ бұл – заманауи стандарттарды енгізу, озық технологияларға көшу және экологиялық есептіліктің ашықтығын қамтамасыз ету деген сөз. Бүгінде мемлекет ғылымды, білімді, экологиялық бастамаларды, жаңа технологиялар мен цифрлық шешімдерді белсенді қолдап отыр. Дәл осы бағыттар еліміздің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Мұның бәрі Әділетті Қазақстан идеясын жүзеге асырудың жарқын көрінісі екені анық, – деді Палата Төрағасы.

Іс-шараларда жаңа Ата Заң еліміздің ұзақмерзімді тұрақтылығы мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және серпінді дамуға негіз болатын саяси құрылымды қалыптастыратыны



туралы да сөз болды. Жастармен және этномәдени бірлестіктер өкілдерімен кездесуде конституциялық өзгерістер бүгінгі жаһандық сын-қатерлер жағдайында тиімді жұмыс істейтін саяси жүйе құруға бағытталғаны айтылды. Мәулен Әшімбаев бұл реформалардың сапалы жүзеге асырылуы, жалпы елдің дамуы жастардың қоғамдық-саяси үдерістерге саналы түрде қатысуына және олардың бастамашылдығы мен кәсіби қабілеттеріне тікелей байланысты екенін де атап өтті.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев еңбекқорлық, кәсіби біліктілік, жасампаздық және үздіксіз білім алу құндылықтарының маңызына үнемі баса мән беріп келеді. Бұл қағидаттар Мемлекет басшысы ұсынған «Адал азамат» тұжырымдамасында көрініс тапқан. Ол Абайдың «Толық адам» ілімімен үндесетіні белгілі. Бүгінде жастардың белсенділік танытып, қоғамдық талқылауларға қатысуы, диалог мәде-

ниетін ілгерілетуі және елдің болашағына жауапкершілікпен қарауы аса маңызды. Өйткені, реформалардың табысты жүзеге асуы және Қазақстанның әрі қарай қарқынды дамуы жас буынның ұстанымына тікелей байланысты, – деді Мәулен Әшімбаев. Ол өз сөзінде Сенат жанында бес жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан, сондай-ақ, жас мамандардың талдау қабілетін жетілдіруге бағытталған Сарапшылар клубы мен Талдау мектебінің қызметіне де тоқталды.

Сапар аясында Сенат Төрағасы Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің, Өскемен титан-магний комбинатының және «Восток-молоко» корпорациясының ұжымдарымен кездесті. Сондай-ақ Лу Бань шеберханасына ат басын бұрып, «Автомобильдердің SMART-технологиясы» зертханасының қызметімен танысты.

ҚР Парламенті Сенатының баспасөз қызметі

#ЭКОНОМИКА

ШҚО мен Қырғызстан арасындағы сауда айналымы 500 млн доллардан асты

✍ Айдос МЫРЗАХМЕТОВ

📷 Махаббат АХМЕТЖАНОВА

Шығыс Қазақстан облысы мен Қырғыз Республикасы арасындағы экономикалық және іскерлік байланыстар соңғы жылдары жаңа қарқынға ие болуда. Бауырлас екі елдің өзара ықпалдастығы тек ресми келіссөздер аясында ғана емес, өңіраралық деңгейдегі нақты жобалар мен сауда қатынастары арқылы да нығайып, тұрақты әріптестікке ұласуда.

Облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов Қырғыз Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Құдайберген Базарбаевпен кездесті. Кездесу барысында екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелері жан-жақты талқыланып, алдағы кезеңдегі бірлескен бастамалардың бағыт-бағдары айқындалды.

Облыс әкімі өз сөзінде тарихи тамыры ортақ елдердің қарым-қатынасы жылдан-жылға бекіп келе жатқанын атап өтіп, Шығыс Қазақстан үшін Қырғызстанның сенімді әрі стратегиялық маңызды серіктеске айналғанын жеткізді.



– Бауырлас елдеріміздің арасында тығыз қарым-қатынас орнап, өзара байланыс күшейіп келеді. Оның ішінде Шығыс Қазақстан үшін Қырғыз елі сауда-саттық, өндіріс, ауыл шаруашылығы, туризм сияқты салалар үшін маңызды серіктес. Әріптестікті одан сайын күшейте түсуге әзірміз, – деді

Нұрымбет Сақтағанов.

Кездесу барысында аймақаралық байланыстың жаңа мүмкіндіктері сөз болып, сауда, өндіріс, ауыл шаруашылығы және туризм салаларындағы серіктестікті тереңдетудің нақты тетіктері қарастырылды. Тараптар өзара тиімді жобаларды іске асыру арқылы эконо-

микалық өсімге серпін беруге ниетті екенін білдірді.

Қырғыз Республикасының елшісі Құдайберген Базарбаев сапар барысында облыстың бірқатар туристік аймақтарын аралап, Марқакөл мен Катонқарағай өңірінің табиғи сұлулығына жоғары баға бергенін айтты. Оның пікірінше, экологиялық туризм мен таулы аймақтарды дамыту екі ел арасындағы байланыстардың маңызды бағыттарының біріне айналуы мүмкін. Сонымен қатар, ол Қырғызстаннан Шығыс Қазақстанға ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткізу бойынша ұсыныстарын ортаға салып, сауда логистикасын жетілдірудің өзектілігін атап өтті.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Шығыс Қазақстан облысы мен Қырғыз Республикасы арасындағы тауар айналымы 534 миллион 213 мың АҚШ долларына жетіп, бір жыл бұрынғы көрсеткіштен 35 пайызға артқан. Оның ішінде экспорт көлемінің 360 миллион АҚШ долларынан асуы өңір кәсіпорындарының сыртқы нарықтағы белсенділігін айғақтайды. Ал импорт көлемі шамамен 170 миллион АҚШ долларына жуықтап, сауда құрылымы теңгерімді түрде дамып келеді.

#ШЕКАРАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

Шығыс Қазақстан мен Алтай өлкесі арасында серіктестіктің жаңа кезеңі басталды

☒ Махаббат АХМЕТЖАНОВА

Ресейдің Барнаул қаласында өткен кездесулер мен келіссөздер Шығыс Қазақстан мен Алтай өлкесі арасындағы әріптестіктің жаңа кезеңін бастады. Облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов бастаған делегация өндіріс орындарын аралап, маңызды келісімдерге қол қойып, ортақ даму бағыттарын айқындады.



Бағдарламаға сай өңір өкілдері өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, туризм және білім беру нысандарын аралап, екіжақты әріптестікті кеңейту бағытында келіссөздер жүргізді. Делегация құрамында облыстық мәслихаттың төрағасы Денис Рыпаков, сондай-ақ сала мамандары мен бизнес қауымдастық өкілдері болды.

Делегация Алтай өлкесіндегі кәсіпорындар мен ұйымдарды аралап, агроөнеркәсіптік кешен, білім беру, туризм және мәдениет бағыттарында сауда-экономикалық әрі гуманитарлық ынтымақтастықты кеңейту мүмкіндіктерін талқылады.

Сапардың салмақты нәтижесі – Алтай өлкесі үкіметі деңгейіндегі келіссөздер. Ресей тарапынан кездесуге Алтай өлкесінің губернаторы Виктор Томенко және Алтай өлкелік заң шығарушы жиналысының төрағасы Александр Романенко қатысты. Кездесу аясында Шығыс Қазақстанның әлеуеті таныстырылып, өңіраралық серіктестікті нығайту жолдары қарастырылды.

Облыс делегациясы ауыл шаруашылығы техникаларын жасайтын жетекші кәсіпорындардың бірі – инновациялық аграрлық жабдықтар өндіретін «Комплекс Агро» кәсіпорнында болды. Компанияның бас директоры Дмитрий Беляев өндірісті ұйымдастыру барысымен, кәсіпорынның даму жоспарларымен және шығарылатын техника түрлерін кеңейту бағытындағы жобалармен таныстырды. Қазіргі уақытта кәсіпорын қазақстандық серіктестермен байланыс орнатып, өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға мүдделілік танытып отыр.

Делегация мүшелеріне компанияның өндірістік желісіндегі бірқатар агрегат түрлері – «АлтайДиск 12001» егіс кешені, «Алтай-27» астық кептіргіші, ликвилайзер, культиватор таныстырылып, техника құрастыру барысы көрсетілді. Өткен жылдың қорытындысы бойынша компания 1625 техника өндіріп, соңғы бес жылда өндіріс көлемін шамамен екі есеге арттырған.

Алтай өлкесіндегі ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын,

оның ішінде заманауи астық кептіру және топырақ өңдеу техникаларын өндіру тәжірибесі ерекше қызығушылық тудырды.

МАҢЫЗДЫ КЕЛІСІМДЕРГЕ ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Шекаралас жатқан, тағдыры мен тамыры тоғысқан екі өңір – Шығыс Қазақстан облысы мен Алтай өлкесі ынтымақтастықтың жаңа кезеңіне қдам басты. Барнаулда өткен кездесуде тараптар стратегиялық әріптестікті тереңдетуге уағдаласып, энергетикадан туризмге дейінгі бірқатар маңызды сала бойынша өзара серіктестікті кеңейтуге бағытталған келісімдерге қол қойды.

Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының Алтай өлкесіне тиесілі бөлігі 848 шақырымды құрайды. Көрші мемлекетке сапар аясында облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов пен Алтай өлкесінің губернаторы, Алтай өлкесі үкіметінің төрағасы Виктор Томенко энергетика, туризм, ауыл шаруашылығы, мәдениет және өзге де салалардағы ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі келісімдерге қол қойды.

Екі өңір арасындағы байланыс бұған дейін де жүйелі түрде дамып келе жатқанын атап өткен жөн. 2010 жылы сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық туралы келісім жасалған болатын.

Қазақстан дәстүрлі түрде Алтай өлкесінің негізгі үш сыртқы сауда серіктесінің қатарында. Өлкенің Қазақстанға экспорты едәуір әртарапандырылған және тауар топтарының басым бөлігін қамтиды. Атап айтқанда, майлы дақыл тұқымдары, бидай мен арпа, ұн-жарма өнеркәсібінің өнімдері жеткізіледі.

Алтайда жасалған ауыл шаруашылығы техникаларының басым бөлігі де Қазақстанға экспорталады. Өнеркәсіп кәсіпорындары арасындағы кооперациялық байланыстар алтайлық қазандық жабдықтарының тұрақты жеткізілуін қамтамасыз етуде. Сондай-ақ алтайлық вагон жасау кәсіпорындарының өнімі де сұранысқа ие.

Өз кезегінде, Қазақстаннан Ал-

тай өлкесіне темірден немесе қоспаланбаған болаттан илектелген өнім, полипропилен, конденсаторлар, алюминий және одан жасалған бұйымдар экспортталады. Өлке нарығында қазақстандық көкөніс пен жеміс-жидек кеңінен ұсынылған. Ал қазақстандық кондитерлік өнімдерді өңірдің ірі сауда желілерінен кездестіруге болады.

Сауда-экономикалық әріптестікпен қатар гуманитарлық байланыстар да белсенді дамып келеді. Халықаралық конференциялар, бірлескен ғылыми зерттеулер, диссертациялық кеңестер аясында тәжірибе алмасу жолға қойылған. Студенттер, магистранттар мен оқытушылар үшін өзара тағылымдамалар ұйымдастырылуда.

Мәдени ынтымақтастық та қарқынды. Өткен жылы Алтай өлкесінің делегациясы Шығыс Қазақстанға гастрольдік сапармен келіп, Алтай өлкесінің мемлекеттік филармониясы Қазақстан әртістерімен бірлесіп Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған концерттік бағдарлама ұсынған болатын.

Сонымен қатар «Біздің ортақ үйіміз – Алтай» халықаралық үйлестіру кеңесі аясындағы ынтымақтастық бекем. Облыс делегациясының бұл жолғы сапары екіжақты байланысты жаңа деңгейге көтеріп, өзара іс-қимылдың тың бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.

«ГОРНАЯ АПТЕКА» КЕШЕНІ ҚОНАҚТАРДЫ ТӘНТІ ЕТТІ

Облыс әкімі бастаған делегация және өңір кәсіпкерлері Барнаул қаласындағы «Горная аптека» тарихи-туристік кешенінің қызметімен танысты. Сапар барысында тарихи нысандарды сақтай отырып, оларды заманауи туризмге тиімді бейімдеу тәжірибесі зерделенді.

XVIII ғасырдың соңында салынған бұл ғимарат Барнаулдағы ең көне тас құрылыстардың бірі саналады. Кезінде мұнда кен өндірісінде еңбек еткен жұмысшыларға арналған алғашқы дәріхана жұмыс істеген. Алтайдың шипалы шөптері негізінде дәрі-дәрмек дайындалып, сақталған, сондай-ақ фармацевт мамандар даярланған. Осы тұрғыдан алғанда нысан – өңірдегі медицина мен ғылымның қалыптасу кезеңін айғақтайтын тарихи ескерткіш.

Уақыт өте келе ғимарат шамамен 15 жыл бос тұрған. Кейін ауқымды жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, «Горная аптека» музейі, мейрамханасы және кәдесый дүкендері бар көпфункционалды туристік кешенге айналды.

Музей экспозициясы Алтай өңіріндегі дәріхана ісінің тарихын, XVIII-XIX ғасырлардағы тұрмыс пен ғылыми тәжірибені, Барнаул қаласының қалыптасу кезеңдерін кеңінен таныстырады. Көрмеде түпнұсқа жәдігерлер, дәріхана құралдары, шыны ыдыстар мен архивтік құжаттар қойылған. Экскурсиялардың бір бөлігі интерактивті және театрландырылған форматта өткізіледі.

Кешеннің гастрономиялық бағыты да келушілер қызығушылығын тудырады. Мұнда өңірлік және дәстүрлі сібір асханасы тарихи стиль элементтерімен үйлестірілген. Сонымен қатар Алтайға тән табиғи өнімдер – бал, шөп шайлар, майлар және тақырыптық сыйлық жиынтықтары ұсынылады.

Делегация тарихи нысандарды жаңғырту арқылы өңірлік туризмді дамыту тетіктеріне назар аударды. Барнаул тәжірибесі тарихи ғимараттарды

олардың бастапқы келбеті мен мазмұнын сақтай отырып, жаңа экономикалық айналымға енгізуге болатынын көрсетеді.

Мұндай кешенді тәсіл – реставрация, музейлік тұжырымдама, гастрономия және кәдесый өндірісін ұштастыру – Шығыс Қазақстан үшін де өзекті. Өңірде тарихи нысандар жеткілікті. Оларды тиімді пайдалану ішкі туризмді дамытуға және өңірлік брендті нығайтуға мүмкіндік береді.

БАРНАУЛДАҒЫ ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ ОРДАСЫ

Барнаул қаласында қазақ тілінің шырағын жағып, ұлттық құндылықтарды ұлықтап отырған ерекше орын бар. Алтай мемлекеттік педагогикалық университеті жанынан ашылған Қазақ тілі мен мәдениеті орталығы 15 жылдан астам уақыт бойы қазақ халқының мәдени мұрасын насихаттап келеді.

Алтай өлкесінде бүгінде шамамен он мыңға жуық қазақ тұрады. Соның мыңға жуығы – Барнаул қаласының тұрғындары. Жат жерде жүрсе де, ұлттық болмысын жоғалтпай, салт-дәстүрін сақтап келе жатқан ағайын үшін бұл орталық – рухани тірек, мәдени басқосу алаңы.

Аймақ басшысы Нұрымбет Сақтағанов бастаған делегация орталықтың тыныс-тіршілігімен танысты. Қонақтарды домбыраның күмбірлеген үнімен қарсы алған студенттер шашу шашып, ұлттық дәстүрге сай құрмет көрсетті. Бұл көрініс алыста жүрсе де, қазақты рухтың сөнбегенін айқын аңғартты.

Орталықта өңірдегі жоғары оқу орындары мен колледж студенттері бас қосады. Мұнда олар қазақ тілін меңгеріп қана қоймай, ұлттық салт-дәстүрлерді де үйренеді. Наурыз мерекесін ұйымдастырып, «бесікке салу», «тұсау кесу» сынды ғұрыптарды сахналайды, домбыра тартып, ән айтады.

Орталық жетекшісі Мұрат Бекмұратовтың айтуынша, қазіргі кезде Алтай өлкесінің жоғары оқу орындарында Қазақстаннан келген екі мыңға жуық студент білім алуда. Академиялық алмасу бағдарламалары мен бірлескен ғылыми жобалар да дамып келеді.

– Біз үшін ең бастысы – студенттердің ана тілі мен ұлттық дәстүрін сақтауға қолайлы орта қалыптастыру. Орталықта Қазақстаннан келген бірнеше студент бар, дегенмен келушілердің басым бөлігі – Алтай өлкесінің тумалары. Олар Барнаулға өңірдің әр ауданынан жиналған. Өз тамыры мен салт-санасын ұмытпау үшін біз олардың басын осы орталықта қосамыз, – дейді Мұрат Бекмұратов.

Сапар барысында қазақстандық делегация орталыққа отандық авторлардың кітаптарын тарту етіп, мәдени байланыстарды одан әрі дамытуға дайын екенін білдірді. Ал облыс әкімі жастарды оқу бітірген соң туған жерге оралып, ел игілігі үшін еңбек етуге шақырды.

Барнаулдағы Қазақ тілі мен мәдениеті орталығы – шекара сыртындағы қазақ жастары үшін білім ошағы ғана емес, ұлттық бірегейлікті сақтайтын, тарихи тамырымен жалғайтын алтын көпір. Мұндай бастамалар рухани байланысты нығайтып, қазақ мәдениетінің аясын кеңейте беретіні сөзсіз.

Сапар аясында делегация Барнаул қаласындағы №136 орта мектепке де барды.

«Didar» ақпарат

#РЕФЕРЕНДУМ

Өндіріс ұжымымен жаңа Конституция жобасы талқыланды

✍ Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ

Республикалық референдум қарсаңында Өскемен қаласындағы Үлбі металлургиялық зауыты алаңында еңбек ұжымымен кездесу өтті. Іс-шара «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» өңірлік коалициясының бастамасымен ұйымдастырылды. Басқосуға 60-қа жуық адам қатысып, жаңа Конституция жобасының негізгі бағыттары мен алдағы референдумның маңызы жан-жақты түсіндірілді.



аламын, біз заман талабына сай, ең заманауи Конституция мәтінін дайындадық. Енді шешімді халық қабылдайды, – деді Денис Сергеевич.

Өңірлік коалиция өкілі Арсений Дюсенов өз сөзінде Ата Заң жобасы мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталғанын атап өтті. Оның айтуынша, ұсынылып отырған өзгерістер өкілді органдардың жауапкершілігін арттыруға және қоғам мен билік арасындағы өзара іс-қимылды күшейтуге негізделген.

Кездесу барысында Конституция мәтініндегі өзгерістер, адам құқықтарын қорғау, әлеуметтік саясат, білім беру және экология салалары бойынша енгізілген жаңа нормалар кеңінен талқыланды. Спикерлер жоба ашық форматта әзірленгенін, азаматтардың ұсыныстары ескерілгенін атап өтті.

Өңірлік коалиция өкілі Денис Рыпаковтың айтуынша, жаңа Конституция – шын мәнінде бүкілхалықтық құжат. Оның сөзінше, құжатта адам құқықтарын қорғауды күшейту, әлеуметтік кепілдіктерді нақтылау және қоршаған ортаны қорғау нормаларын жетілдіру көзделген.

– Бүгін біз атақты Үлбі металлургиялық зауыты алаңында кездесіп отырмыз. Бұл – бірнеше буын еңбек етіп келе жатқан, нағыз еңбек адамдарының ордасы. Осындай ұжыммен референдум қарсаңында жаңа Конституция жобасын талқылау – үлкен жауапкершілік. Бұл құжат – шын мәнінде бүкілхалықтық Конституция. Алғаш рет жұмыс ашық форматта өтті: барлық отырыстар онлайн көрсетілді, 10 мыңнан астам азаматтың ұсынысы қабылданып, әрқайсысы жүйеленіп, қаралды. Әр бап жіті талқыланып, адам құқықтары, білім беру, әлеуметтік мәселелер бойынша маңызды өзгерістер енгізілді. Тіпті табиғатты қорғау нормасы да қамтылды. Мен комиссия мүшесі ретінде айта

– Егер біз жаңа Конституцияны бірлесіп қабылдау туралы шешім қабылдайтын болсақ, елдің негізгі құндылықтары – егемендік пен унитарлық сақталады. Негізгі өзгерістердің бірі – бір палаталы Парламенттің құрылуы. Бұл азаматтардың ел басқару ісіне тікелей қатысуына мүмкіндік береді. Бір палаталы Парламентте депутаттар жауапкершілікті екі палата арасында бөлісе алмайды. Қабылданатын заңдардың сапасына қатысты барлық жауапкершілік біртұтас заң шығарушы органға жүктеледі. Сондай-ақ, Сенаттың палата ретінде таратылатынын атап өткен жөн. Бұл мәселені әр жылдары түрлі қоғамдық топтар мен бірлестіктер көтеріп келген. Нәтижесінде жаңа Конституция жобасында осы шешімге келдік, бұл мемлекет пен қоғам ара-

сындағы диалогтың нәтижесін көрсетеді. Жаңа жоба идеясы – біреудің жеке бастамасы емес, бұл 90-жылдардың басынан бүгінге дейінгі ел дамуының заңды нәтижесі, – деп атап өтті Арсений Дюсенов.

Өндіріс қызметкерлері де өз пікірлерін білдірді. Зауыттың учаске шебері Иван Гаврилов Конституцияға енгізілетін өзгерістер ел дамуына оң ықпал етеді деген сенімін білдіріп, бастамаларды қолдайтынын айтты.

Өңірлік коалиция мүшесі Савелий Мужиль жобада адам құқықтарына басымдық берілгенін атап өтті. Оның айтуынша, құжатта заң үстемдігін нығайту, құқық қорғау органдары қызметін сервистік модельге көшіру, сондай-ақ азаматтардың цифрлық деректерін қорғауды күшейту көзделген.

Ал «ҮМЗ» АҚ менеджері Азамат Раисов мұндай кездесулердің маңызын атап өтті. Оның сөзінше, түсіндіру жұмыстары азаматтарға өзгерістерді тереңірек түсінуге мүмкіндік береді, ал ашық ақпарат көздері арқылы әр адам референдум алдында саналы таңдау жасай алады.

Жиын соңында қатысушылар өздерін толғандырған сауалдарын қойып, мамандардан нақты жауап алды. Ашық форматта өткен кездесу жаңа Конституция жобасына деген қызығушылықтың жоғары екенін көрсетті.

#ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

«Таза Қазақстан»: жүйелі жұмыс жалғасады

✍ Айдос МЫРЗАХМЕТОВ

Облыс әкімдігінде «Таза Қазақстан» республикалық бастамасын іске асыру барысына арналған кеңейтілген жиын өтті. Басқосуда өңірдің экологиялық ахуалын жақсарту, тұрғындардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттыру және экологиялық мәдениетті орнықтыру бағытындағы атқарылған жұмыстар сараланып, алдағы міндеттер нақтыланды.

Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының мәліметінше, 2025 жылы аймақта санитарлық тазалықты қамтамасыз етуге бағытталған кешенді шаралар жүзеге асқан. Экологиялық мәдениетті қалыптастыруға арналған іс-шараларға 150 мыңнан астам адам қатысып, 1 584 гектар аумақ тазартылды. Нәтижесінде 3,8 мың тоннадан астам тұрмыстық қалдық шығарылған.

Жасыл желекті көбейту – күн тәртібінен түспеген негізгі бағыттардың бірі. Өңірлік жоспар аясында 138 мың көшет отырғызылса, орман қоры аумағында 15,9 миллион түп егілген. Бұл – табиғи тепе-теңдікті сақтауға бағытталған жүйелі жұмыстың көрінісі.

Абаттандыру мәдениетін нығайту мақсатында «Үлгілі ауыл» және «Таза аула – таза аудан» байқаулары ұйымдастырылып, қоғамдық кеңістіктердің жай-күйіне тұрғындардың белсенді араласуы көзделді. Сенбіліктер мен көгалдандыру акцияларына 3 мыңнан астам ерікті атсалысып, ортақ іске үлес қосты.

Үкімет тапсырмасына сәйкес, бастаманы жүйелі жүзеге асыру үшін өңірлік штаб құру ұсынылып отыр. Құрамы мен жұмыс ережесінің жобасы әзірленген. Сонымен қатар су үнемдейтін технологияларды енгізу, суару жүйелерін жаңғырту, электромобильдерге арналған қуаттау станцияларын орнату, экологиялық құқық бұзушылықтарды тіркеу камераларының санын арттыру және 2027 жылға жоспарланған эко-трак жобасын қаржыландыру мәселелері де өзекті бағыт ретінде белгіленді.

Республикалық «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында елді мекендердің санитарлық тазалығын сақтау жұмыстары да қарқын алған. Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының дерегіне сүйенсек, өткен жылы 3 800 тонна қоқыс шығарылып, 3 403 аула тазартылған. Оның 801-і көпқабатты тұрғын үйлерге, 2 602-сі жеке секторға тиесілі.

2024–2027 жылдарға арналған жоспар бойынша облыс көлемінде 451 мың ағаш отырғызу көзделген. Биылдың межесі – 115,5 мың түп көшет.

Жиын барысында облыс әкімі бұл бастаманың маңызын айрықша атап өтті.

– Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» бастамасы бір жылдық науқан емес. Бұл – жаңа экологиялық мәдениетті қалыптастырып, өскелең ұрпақтың күнделікті өмір салтына айналуы қажет тұрақты жұмыс. Басқа өңірлермен салыстырғанда Шығыс Қазақстан облысының көгалдандыру бағытындағы әлеуеті өте жоғары. Табиғаты, жерінің құнарлылығы, көшет қоры – қай жағынан алсақ та артықшылықтар жеткілікті. Осы мүмкіндіктерді тиімді пайдалана отырып, «Таза Қазақстан» бастамасы аясында өңірімізді жасыл желекке бөленген, таза аймаққа айналдыруымыз қажет, – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесі уақыт өте өз бағасын алатынын айтып, басқарма басшылары мен жауапты мемлекеттік органдарға жеке жауапкершілік пен нақты тапсырмалар жүктетті.

#СУРДЛИМПИАДА

Токио төрінде топ жарған чемпионға үш бөлмелі пәтер берілді

✍ Дәурен АЛЛАБЕРГЕНҰЛЫ

📷 Артём ЖИГУЛИН

Шығыс Қазақстанда Сурдлимпиада ойындарының чемпионы Фаина Мейірмановаға айрықша құрмет көрсетілді. Жапонияның Токио қаласында өткен XXV жазғы Сурдлимпиадада ел намысын абыроймен қорғап, биіктікке секіруден рекорд жаңартқан спортшыға өңірде үш бөлмелі пәтер берілді.

Токио төрінде өткен дүбірлі дода есту қабілеті бұзылған спортшылар арасындағы ең ірі халықаралық жарыс саналады. Әлемнің мықты жеңіл атлеттері бас қосқан бәсекеде Фаина жоғары шеберлігі мен табандылығын танытып, еліміздің мерейін үстем етті. Аймақ басшылығы спортшының жеңісі – көп жылғы жүйелі дайындықтың, темірдей тәртіп пен өз күшіне деген сенімнің нәтижесі екенін атап өтті.


Сондай-ақ, бұл табыс Туризм және спорт министрлігі, Жеңіл атлетика федерациясы, облыстық федерация және демеушілердің қолдауының арқасында мүмкін болғаны айтылды.

Салтанатты шара барысында чемпионға үш бөлмелі пәтердің кілті табыс етілді. Бұл қолдау – спортшының ел абыройын асқақтатқан еңбегіне көрсетілген құрмет ретінде бағаланды.

– Біз Шығыс Қазақстанда осындай мақсатшыл әрі талантты жандардың тәрбиеленіп жатқанын мақтан тұтамыз. Сіздің үлгіңіз жастарға, әсіресе, ерекше қажеттіліктері бар балаларға шабыт береді, арманға ұмтылған жанға ешқандай кедергі жоқ екенін дәлелдеп отыр. Спортты қолдау және спортшылардың жан-жақты дамуына жағдай жасау – біздің негізгі басымдықтарымыздың бірі. Бүгінгі үш бөлмелі пәтерді табыстау – жай ғана сыйлық емес. Бұл – сіздің ел алдындағы еңбегіңізді мойындау, төккен теріңізге деген шексіз алғыс және өңіріміздің беделін арттыруға қосқан үлесіңізге көрсетілген құрмет. Барлық шығысқазақстандықтардың атынан жарқын жеңісіңізбен шын жүректен құттықтаймын! Сізге жаңа

жеңістер, мықты денсаулық, толағай табыстар тілеймін! – деді облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов.

– Жеңіс тұғырына көтерілген сәтімді сөзбен айтып жеткізу қиын. Қарсыластарымның бәрі өте мықты болды. Бүгін көрсетілген құрмет мен үшін үлкен қуаныш. Бұл – менің алғашқы баспанам. Қолдау білдірген барша жанға алғыс айтамын. Алдағы мақсатым – жаттығуды күшейтіп, 2028 жылғы Олимпиада ойындарына дайындықты бастау, – деді Фаина Мейірманова.



– Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» бастамасы бір жылдық науқан емес. Бұл – жаңа экологиялық мәдениетті қалыптастырып, өскелең ұрпақтың күнделікті өмір салтына айналуы қажет тұрақты жұмыс. Басқа өңірлермен салыстырғанда Шығыс Қазақстан облысының көгалдандыру бағытындағы әлеуеті өте жоғары. Табиғаты, жерінің құнарлылығы, көшет қоры – қай жағынан алсақ та артықшылықтар жеткілікті. Осы мүмкіндіктерді тиімді пайдалана отырып, «Таза Қазақстан» бастамасы аясында өңірімізді жасыл желекке бөленген, таза аймаққа айналдыруымыз қажет, – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесі уақыт өте өз бағасын алатынын айтып, басқарма басшылары мен жауапты мемлекеттік органдарға жеке жауапкершілік пен нақты тапсырмалар жүктетті.

#КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫ

Өңірлік коалиция өкілдері дәрігерлер қауымымен кездесті

✍ Дәурен АЛЛАБЕРГЕНҰЛЫ
📷 Жалғас САКАДИЕВ

Өскемен қаласындағы «Ана мен бала орталығында» өңірлік коалиция мүшелері медицина қызметкерлерімен кездесіп, жаңа Конституция жобасының негізгі бағыттарын түсіндірді. Жиын барысында 15 наурызға белгіленген республикалық референдумның маңызы айтылып, ақ халатты абзал жандар ел болашағына қатысты маңызды науқанға белсенді қатысуға шақырылды.



Кездесу барысында спикерлер конституциялық өзгерістердің мазмұны мен мәніне кеңінен тоқталды. Әлеуметтік кәсіпкер Әсел Жақыпбаева бастапқыда Ата заңның шамамен қырыққа жуық бабына ғана түзету енгізу жоспарланғанын, алайда қоғамдық талқылаулар мен жұмыс топтарының ұсыныстары нәти-

жесінде өзгерістер ауқымы айтарлықтай кеңейгенін атап өтті. Оның айтуынша, жаңа жоба қолданыстағы Конституция нормаларының шамамен 84 пайызына дейін жаңартуды қамтиды.

– Конституцияның жаңа жобасында ең басты құндылық – Адам және азаматтардың құқықтары мен бос-

тандығы мүлтіксіз сақталады делінген. Мәселен, өлім жазасы жаңа жобада қарастырылмаған. Қазір бірінші орында адам және адамның дамуы, білімді ұрпақ екені айтылып отыр. Мемлекеттік биліктің басты құндылығы – Қазақстанның біртұтас халқы. Отбасындағы дәстүрлі құндылықтар жайлы да толыққанды жазылған. Конституцияның жаңа жобасы қазіргі заман талаптарын ескере отырып әзірленген. Сондықтан барлықтарыңызды 15 наурыз күні өтетін референдумда белсенділік танытып, дұрыс таңдау жасауға шақырамын, – деді жиын барысында Әсел Аймурзақызы.

Өңірлік коалиция мүшесі, «AMANAT» партиясы облыстық филиалы жанындағы Әйелдер қанатының жетекшісі Зарина Камасова жаңа жоба мемлекеттіліктің құқықтық негізін одан әрі күшейтетінін жеткізді. Оның сөзінше, бұрынғы Конституция тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында берік іргетас болса, жаңа редакция сол іргетасты заманауи талаптарға сай толықтырады.

– Жобада «Қазақстан халқы» емес, «Қазақстанның біртұтас халқы» деп жазылғандығы көпұлтты мемлекетіміздің бірлігі мен мызғымас тұтастығын айқындай түседі. Ата Заң жобасында айтылғандай, біз – Ұлы даланың ұрпағымыз. Мыңжылдықтардан жалғас-

қан тарихымыз бізді біріктіріп отыр. Сонымен қатар, отбасы институты, ер мен әйелдің қоғамдағы орны, әділеттілік қағидаттары, жастардың білім алу мүмкіндіктері, сондай-ақ экология мәселесінің көтерілуі – бәрі де аса маңызды. Баршаңызды 15 наурызда референдумға қатысып, өз таңдауларыңызды жасауға шақырамын, – деді ол.

Өскемен қалалық мәслихатының депутаты, облыстық онкологиялық орталық директоры Гүлмира Сағидуллина жаңа жобада адамның діни сеніміне, ұлтына қарамастан, басты құндылық ретінде айқындалуы медицина саласы үшін де маңызды екенін атап өтті. Оның айтуынша, адам өмірі мен денсаулығы кез келген жағдайда басымдыққа ие болуы тиіс.

– Медицина қызметкерлері үшін ең бастысы – адам өмірі. Кей жағдайларда діни немесе өзге де көзқарастарға байланысты ем-шарадан бас тарту деректері кездеседі. Ал дәрігер үшін науқастың өмірін сақтау – негізгі міндет. Сондықтан жаңа жобада адамның құқығы мен өмірінің бірінші орынға шығуы – қоғам үшін де, медицина саласы үшін де маңызды қадам, – деді Гүлмира Сағидуллина.

Жиын соңында орталық дәрігерлері референдумға қатысып, азаматтық белсенділік танытуға дайын екендіктерін білдірді.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру күні 18 жасқа толған Қазақстан Республикасы азаматының қатысуға құқығы бар.



Тізімдерді әкімдіктер нақты дауыс беру учаскесінің аумағындағы тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша сіздің тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Егер тұрақты тіркелуіңіз болмаса, сіз референдум тағайындалған сәттен бастап, тиісті жергілікті атқарушы органда дауыс беруші ретінде тіркеле аласыз. Дауыс беру учаскелері тиісті әкімдердің шешімдерімен құрылады және олардың шекаралары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап сізге өз учаскеңізде республикалық референдумға қатысуға құқығы азаматтардың тізімінен өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

Ата заң жобасын өңір жастары қолдауда

✍ Айна ЕСКЕНҚЫЗЫ
📷 Жібек НҰРАХМЕТ

Конституциялық комиссия мүшесі, Шығыс Қазақстан облыстық Қоғамдық кеңестің төрағасы Аяужан Әшімова жастарға жаңа Конституция жобасындағы өзгерістерді түсіндіру мақсатында саяси партиялардың жастар қанаттары жетекшілерімен, жоғары оқу орындарының өкілдерімен, жастар ұйымдарының басшылары және белсенділерімен кездесті.

Жастармен кездесуде жаңа Конституция жобасының мәні мен маңызын атап өткен Аяужан Әшімова ең алдымен жастардың қоғамдағы орнына тоқталып, өңірде жастар санының азаюы алаңдататынын жеткізді. Сондықтан әрбір жасқа жағдай жасап, олардың дамуына қолдау көрсету және елдегі маңызды өзгерістерді дұрыс түсіндіру – ортақ міндет екеніне назар аударды.

– Егер біз жастарға дұрыс түсіндірмесек, олардың пікірін басқа біреулер қалыптастырады. Ал әр жас азаматтың өз көзқарасы болуы үшін алдымен Конституция жобасын өзі оқып шығуы керек, – деді Аяужан Әшімова.

Оның айтуынша, бұл жолы халықтың ұсыныстары шын мәнінде ескерілген. Өңірлерден келген өкілдер күнделікті кері байланыс жинап, комиссия отырыстарында сұрақтар қойып, нақты ұсыныстар енгізген. Заң мәтініндегі әр сөздің маңызы зор болғандықтан,

жұмыс аса мұқият жүргізілген.

Жаңа редакцияны талқылау барысында басты назар адамға аударылған. Егер бұрын кей нормаларда мемлекет мүддесі бірінші тұрса, енді адам құқықтары мен мүддесі алдыңғы орынға шығарылған. Бұл өзгерістердің басым бөлігі осы ұстанымға негізделген.

Сондай-ақ ол Конституция – барлық заңдардың іргетасы екенін атап өтті. Егер азамат қандай да бір шешіммен келіспесе, Конституциялық сотқа жүгіну мүмкіндігі бар. Бұл – азаматтардың құқықтарын қорғаудың маңызды тетігі.

Қоғам белсендісі түсіндіргендей, жаңа Конституция жобасы алғаш рет екі тілде қатар әзірленген. Алдымен мәтін мемлекеттік тілде талқыланып, пысықталып, содан кейін орыс тілінде мазмұнына толық сәйкестендіріліп жазылған. Бұл қадамның маңызы зор екені айтылды.

Кездесу барысында өңірдің



белсенді жастары сауалдарын қойып, өз пікірлерімен бөлісті.

Өскемен қалалық мәслихатының депутаты және Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңес мүшесі Бақытжан Ерболқызының айтуынша, «Заң мен тәртіп» және «Таза Қазақстан» қағидаттарының конституциялық деңгейде бекітілуі – ел болашағы үшін маңызды қадам. Сонымен қатар Конституцияның преамбуласында адам құндылығы мен адами капиталдың негізгі басымдық ретінде айқындалуы – мемлекеттің адам мүддесіне қызмет ететінін көрсетеді.

– Бұл Конституция – ең алдымен жастар үшін қажет. Ертең оны жүзеге асыратын да, оның нәтижесін көретін де – біз, жастар. Сондықтан біз оны

терең түсініп, сауатты түрде қабылдауымыз керек, – деді Бақытжан Ерболқызы.

Қазіргі таңда облыс көлемінде түсіндіру жұмыстары белсенді жүргізілуде. Арнайы облыстық штаб құрылып, оның құрамына жастар ұйымдарының жетекшілері мен белсенділер енген. Олар жоғары оқу орындарында, аудандарда және түрлі алаңдарда Конституция жобасын талқылап, мазмұнын түсіндіру жұмыстарын жалғастырып жатыр.

Депутаттың айтуынша, бұл жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасады. Негізгі мақсат – әрбір жас азаматтың Конституция жобасымен танысып, ел болашағына қатысты өз ұстанымын саналы түрде қалыптастыруына мүмкіндік жасау.

– Мемлекет тарихындағы осындай маңызды кезеңдерде жастардың белсенді болуы аса маңызды. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, «Жастар – мемлекеттің болашағы ғана емес, бүгінгі күні». Жаңа Конституция жобасын толық оқып шықтым. Онда адам құқықтары мен бостандықтары, сөз еркіндігі, отбасы және неке мәселелері нақты әрі толық қамтылған. Тіл мәселесі де айқын жазылған. Бұл – қоғамда түрлі сұрақтардың туындамауына және құқықтық негіздің нығаюына жол ашады деп есептеймін, – деді С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің студенті Жігер Сәрсенбаев.

Оның айтуынша, соңғы 15 күн ішінде облыста 90-ға жуық іс-шара өткізілген. Негізгі мақсат – жастар арасында сайлау мәдениетін қалыптастыру.

– Көптеген жастар сайлау процесінің қалай өтетінін толық білмейді. Сондықтан біз түсіндіру жұмыстарын, аудандардағы жастармен Zoom форматындағы кездесулерді, пікірсайыс және интеллектуалдық ойындарды ұйымдастырдық. Мен барша қазақстандықтарды бүкілхалықтық референдумға қатысуға шақырамын және әр азаматтың өз таңдауын жасауын қолдаймын, – деді Жігер Сәрсенбаев.

#КӨШІ-ҚОН

ШҚО әкімі: Облысқа қоныс аударатын әр отбасын қарамағымызға алу шарт

✍ Айдоc МЫРЗАХМЕТОВ

📷 Артём ЖИГУЛИН

Өңірімізде көші-қон саясаты жаңа сапалық кезеңге өтті. Соңғы статистика кері көштің азайғанын көрсетеді. Ендігі басымдық – қоныс аударушылардың өңірде тұрақтап қалуына нақты жағдай жасау. Аймақ басшылығы бұл үрдісті жүйелі бақылауға алып, қолдау шараларын күшейтуді тапсырды.

ШҚО Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы ұсынған деректерге сүйенсек, 2023–2025 жылдар аралығында ерікті қоныс аудару бағдарламасы аясында өңірлік квота бойынша облысқа 702 отбасы, яғни жалпы саны 2 206 адам қоныс тепті. Оның 1 409-ы – ішкі көшіп келушілер болса, 797-сі – тарихи Отанына оралған қандастар.

Қоныс аударғандардың ішінде 1 028 адам еңбекке қабілетті жаста. Соның 693-і тұрақты жұмыспен қамтылып, жұмыспен қамту деңгейі 67 пайызды құрады. Өткен жылдың он бір айының өзінде өңірден 4 600-ден астам адамның көшіп кетуі демографиялық теңгерім мәселесін күн тәртібіне шығарды. Осындай жағдайда көші-қон бағдарла-



Оның 600-і – қоныс аударушылар, 200-і – қандастар. Соның ішінде 448 адам шекара маңындағы аудандарға орналастырылады. Атап айтқанда, Риддер қаласына – 48 адам, Зайсан ауданына – 100, Катонқарағай ауданына – 73, Үлкен Нарын ауданы – 41, Марқакөл ауданы – 62, Тарбағатай ауданына – 73, Шемонаиха ауданы – 51 адам қабылдайды деп жоспарланған.

Шекаралық аймақтардың тынысын кеңейтіп, көші-қон саясатына жаңа серпін беру мақсатында 2026 жылдың қаңтар айынан бастап Шығыс Қазақстан облысы аумағында «Шығыс ша-

өңір» жобасы. Оның аясында облыс кәсіпкерлері пилоттық аудандардағы екінші нарықтағы тұрғын үйлерді жөндеуге тартылып, кейін жаңартылған баспаналар қоныс аударушылар мен қандастарға экономикалық ұтқырлық сертификаты арқылы ұсынылады, – дейді Альмира Әскерханқызы. – Бағдарлама аясында кәсіпкерлікті дамытуға да басымдық берілген. Қоныс аударушылар мен қандастарға туризм, жол бойы сервисі, қонақүй бизнесі, өндіріс және креативті индустрия салаларында өз ісін бастау үшін 750 айлық есептік көрсеткішке дейін нысаналы гранттар беріледі. Грант алу үшін үміткерлер таңдаған бизнес бағытына сай біліктілікке ие болуы тиіс, кемінде skills. enbek.kz платформасындағы онлайн-оқыту сертификаты талап етіледі. Биыл бұл мақсатқа 65,0 млн теңге қарастырылған.

Жоспардың тағы бір маңызды бөлігі – пилоттық аудандардың ауыл жастарын қолдау. Облыс әкімінің білім гранттары арқылы сұранысқа ие мамандықтар бойынша жоғары оқу орындарында оқыту көзделген. Бағдарлама шарты бойынша түлектер оқуын аяқтаған соң кемінде бес жыл ауылдық жерлерде еңбек етуі тиіс. Бұл шараға 17,3 млн теңге қажет (20 қатысушыға 200 АЕК көлемінде). Қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін бағдарлама әкімшісі облыстық бюджетті нақтылау кезінде қосымша өтінім енгізбек.

«Шығыс шақырады» бағдарламасына қосымша ұсынысымыз бар. Қаладан ауылға көшіп жатқан азаматтарға қазіргі мемлекет тарапынан беріліп жатқан субсидиялар сияқты жергілікті бюджеттен субсидия қарастырылса. Мәселен, Өскемен қаласында 173 отбасы, оның ішінде 731 адам атаулы әлеуметтік көмек алушылар. Осы көмекті алушыларға талдау жасалып, ауылға көшесіз деп ниеттенген отбасыларға субсидия қарастырылса. Екіншіден, цифрлық отбасы картасы енгізілді. Соның ішінде өте күрделі деген екі санат бар. Олар D және E санаты. E санатына жұмысы жоқ, атаулы әлеуметтік көмек алушылар, баспанасы жоқ, мемлекет тарапынан көптеген қолдау күтетін отбасылар кіреді. Мысалы, Өскемен қаласындағы санақ бойынша D категориясында 34 158 отбасы, E санатында 14 380 отбасы белгіленген. Осы отбасылардың ішінде ауылға көшем деушілерге жергілікті бюджет тарапынан субсидия қарастырылса, – деді Альмира Мусинова.

Басқарма басшысы «Бір қабатты Шығыс» бағдарламасына өзгерістер енгізіп, шекаралық ауданға көшіп баратын адамдарға осы үйлер берілсе деген ұсыныс білдірді. Қазір қоныс аударушыларға 7 миллион теңгелік сертификат беріледі. Осы сертификат оларға бастапқы жарна ретінде қарастырылса. Оператор Отбасы банкпен бұл механизм ретке келтірілген. Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы

басқармасы осы өзгерістерді енгізсе, қоныстанушыларға қозғаушы күшке айналар еді.

– Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы арқылы қаладан ауылға көшу бағытында өз ұсыныстарыңызды беріңіздер. Пилоттық жобаға төрт ауданның қатысатыны құптарлық. «Шығыс шақырады» бағдарламасы қағаз жүзінде қалып қоймауы керек. Бірақ бұл бастамалар әдемі атаулар жиынтығы болып қалмауы керек. Қоныс аудару әдеттегі көші-қон емес, адам капиталына салынған инвестиция. Экономикалық инвестиция. Статистикалық ақпараттан бұрын жүйелі талдауға, терең зерттеуге негізделген қорытындылар қажет. Өңірлер бойынша кадрлық ресурстарға қажеттілік қандай? Мәселен, азаматтардың 67 пайызы жұмысқа орналастырылды. Қалған 33 пайызы бойынша қандай деректер бар. Оны өзгерту үшін не істеуіміз керек деген жағдайларды ойлау керек, – деді облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов.

Айта кетейік, 2023–2025 жылдары жалпы көшіп келген азаматтардың ішінде тек 13%-ы ғана туған жеріне оралған. Ал былтыр қоныс тепкен отбасылардың ешқайсысы кері кеткен жоқ. Жаңа қоныстанушылардың басым бөлігі өңірде тұрақтап қалуға ниетті. Балалары мектепке орналасып, отбасы мүшелері толық медициналық ұйымдарға тіркеліп, қоғам өміріне белсенді араласуда.

Биыл да жыл басынан-ақ көші-қон бағдарламасына қызығушылық жоғары. 2026 жылға жалпы 800 квота бөлінген. Қаңтар айының өзінде өңірлік квотаға 124 адам енгізілген. Жергілікті бюджет есебінен қарастырылған жаңа бастамалар – жеңілдетілген ипотекалық несие, білім гранттары мен кәсіп бастауға арналған қайтарымсыз қаржылай көмек – қоныс аударушыларға нақты мүмкіндік беріп отыр.

Көші-қон саясатының тағы бір ерекшелігі – оның толық автоматтандырылып, ашық жүйеге көшкені. Барлық шешім заң талаптарына сай, үдеріс айқын жүргізіледі. Қайта оралғысы келетін бұрынғы тұрғындар да бағдарламаға қатыса алады, алайда шектеулі квотаға байланысты басымдық жаңа әрі сұранысқа ие мамандарға берілмек.

Жиын қорытындысында облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов жауапты басқармалар мен аудан әкімдіктеріне бірқатар нақты тапсырма жүктеді. Аймақ басшысы қоныс аударушыларға көрсетілетін қолдаудың формалды сипатта қалмай, әрбір отбасының жағдайын жіті бақылауда ұстау керектігін атап өтті.

– Тұрғын үйіміз дайын болмаса, қоныс аударушылар келіп, кетіп қалып жатса, біздің жұмысымызда қателіктер мен кемшіліктер бар деген сөз. Әрбір жанұяны қарамағымызға алып, аудан әкімі қоныстанушы отбасылар туралы хабардар болуы керек. Өңір тарапынан бақылау жүргізіп, әр жанұямен жекелеген жұмыстарды жүргізгені дұрыс. Өзіміз көшіп барғандай қолдау көрсетіп, жанымыз ашып жұмыс істемесек болмайды, – деді аймақ басшысы.

Өңір басшысы Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасына «Бір қабатты Шығыс» бағдарламасы аясында қоныс аударушыларға арналған тұрғын үй салу тетіктерін 1 сәуірге дейін пысықтауды тапсырды. Сондай-ақ, Білім басқармасына білім беру гранттары бойынша бюджеттік тапсырысты осы мерзімге дейін қарастыру міндеті жүктелді. Пилоттық аудандарда ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын 1 мамырға дейін жүргізу, шекара маңындағы мектептердің толымдылығын арттыру және олардың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету де басты назарда болмақ.



– Тұрғын үйіміз дайын болмаса, қоныс аударушылар келіп, кетіп қалып жатса, біздің жұмысымызда қателіктер мен кемшіліктер бар деген сөз. Әрбір жанұяны қарамағымызға алып, аудан әкімі қоныстанушы отбасылар туралы хабардар болуы керек. Өңір тарапынан бақылау жүргізіп, әр жанұямен жекелеген жұмыстарды жүргізгені дұрыс. Өзіміз көшіп барғандай қолдау көрсетіп, жанымыз ашып жұмыс істемесек болмайды, – деді аймақ басшысы.

масының маңызы арта түседі.

– 2025 жылдың қорытындысы бойынша 313 отбасыға (1 142 адам) жалпы сомасы 469,7 млн теңге көлемінде материалдық қолдау көрсетілді. Оның ішінде 181 отбасыға (632 адам) көшу шығындарын өтеу үшін 174,0 млн теңге бөлінді. 60 отбасы (211 адам) тұрғын үйді жалға алу шығындарын өтеуге 18,9 млн теңге субсидия алды. Ал 72 отбасы (299 адам) баспана сатып алуға арналған экономикалық ұтқырлық сертификаттары бойынша 276,8 млн теңге көлемінде төлем алды, – деді ШҚО Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының басшысы Альмира Мусинова. – 2026 жылға арналған өңірлік квота 800 адам болып белгіленді.

қырады» өңірлік қолдау жоспары пилоттық режимде іске қосылды. Жоба алғашқы кезеңде Марқакөл ауданы, Катонқарағай ауданы, Тарбағатай ауданы және Самар ауданы аумақтарын қамтып отыр.

Жоспардың негізгі бағыттарының бірі – «Оңтүстік – Шығыс маманы» жобасы. Оның басты мақсаты – жоғары білікті кадрларды өңірге тарту. Бұл бағытта жеңілдетілген ипотекалық несиелеу механизмі іске қосылып, оған Отбасы банк қолдау көрсетуде. 2025 жылы жергілікті бюджет есебінен экономикалық ұтқырлық сертификаты арқылы бастапқы жарна ретінде 100,0 млн теңге көлемінде кепілдендірілген жарналар банк шотына аударылды.

– Екінші маңызды бағыт – «Құтты

#ТАСҚЫНҒА – ТОСҚЫН

Өңірде қарғын суға дайындық күшейтілді

✍ Ержан ӘБІШ

Облысымызда көктемгі су тасқыны кезеңіне жоғары дайындық режимі енгізіліп, алдын алу іс-шаралары күшейтілді. БАҚ өкілдеріне арналған брифинг барысында облыстық төтенше жағдайлар департаментіне қарасты төтенше жағдайлардың алдын алу басқармасының бастығы Арман Наурызбаев өңірдегі ахуал мен қабылданған шаралар туралы жан-жақты мәлімет берді.



Оның айтуынша, бүгінде облыс аумағында су тасқыны қаупі бар 71 елдімекен бар. Жол карталары, инженерлік жұмыстар жоспары және өзге де бағдарламалар аясында атқарылған кешенді шаралардың нәтижесінде 16 елдімекенде су басу қаупі толық жойылған. Тағы 50 елдімекенде тәуекел деңгейі едәуір төмендетілді. Дегенмен 5 елдімекенде қауіп сақталып отыр.

– Су тасқыны жағдайы күрделене түскен жағдайда әрекет ету үшін 3700 адамнан тұратын күштер тобы жасақталған. Құрамында 556 техника, 75 жүзу құралы және 234 мотопомпа бар. Сонымен қатар күштерді жедел жеткізу және халықты шұғыл эва-

куациялау мақсатында «Қаз-авиақұтқару» мекемесінің бір тікұшағы тұрақты дайындықта тұр. Төтенше жағдай туындаса тұрғындарды орналастыру үшін жалпы сыйымдылығы 21 мыңнан астам адамға арналған 182 қабылдау пункті әзірленген. Су тасқыны жағдайы нашарлаған жағдайда тұрғындарды ескерту 48 сиреналық-сөйлеу құрылғысы арқылы, СМС-хабарламалар, телерадио хабарларын үзу және «Darmen» мобильді қосымшасы арқылы жүзеге асырылмақ. Қажет болған жағдайда «Mass Alert» жүйесі іске қосылады, – деді Арман Наурызбаев.

Су тасқыны қаупі кезеңінде жедел әрекет ету үшін 58,7 мың дана қап, 9957 тонна

инертті материал және 386 тоннадан астам жанар-жағармай қоры әзірленді.

Қазіргі уақытта жергілікті атқарушы органдар 258 мың текше метрден астам қарды сыртқа шығарды. Су айдындарына тұрақты мониторинг жүргізілуде.

«Қазгидромет» мамандарының мәліметінше, облыстың жазық аумақтарында жауын-шашын мөлшері климаттық нормадан 112-146 пайызға жоғары болған. Қар қорларының орташа көпжылдық көрсеткіштен артуы Шемонаиха ауданында (170 мм), Үлкен Нарын ауданында (86 мм), Тарбағатай ауданында (56 мм) және Зайсан ауданында (65 мм) байқалады. Қар жамыл-

ғысының биіктігі Марқакөл ауданындағы Боран ауылында 8 сантиметр болса, Алтай және Глубокое аудандарында 80-90 сантиметрге дейін жетеді.

Топырақтың күзгі ылғалдануы облыс аумағының басым бөлігінде нормадан жоғары, 16-99 пайыз аралығында ауытқиды. Орташа көпжылдық көрсеткіштен жоғары мәндер Алтай және Глубокое аудандарында тіркелген. Топырақтың қату тереңдігі – 28-90 сантиметр аралығында. Ең жоғары көрсеткіш Үлкен Нарын ауданында (90 см) және Тарбағатай ауданында (84 см) анықталған. Өткен жылмен салыстырғанда Самар ауданында қату тереңдігі 51 сантиметрге, Тарбағатай ауданында 84 сантиметрге жетіп, жоғарылаған.

Ақпан айының алғашқы онкүндігінде жауын-шашын нормадан артық мөлшерде Алтай, Самар, Үлкен Нарын, Глубокое аудандарында, сондай-ақ Риддер мен Өскемен қалаларында тіркелді. Жалпы гидрологиялық жағдай тұрақты, өзендердегі су деңгейі қауіпті шектен төмен. Өзендердің басым бөлігі әлі мұз құрсауында жатыр, мұз қалыңдығы – 18-68 см, ал Бұқтырма су қоймасында – 30-72 см аралығында.

Синоптиктердің болжамына сәйкес ақпан және наурыз айлары жылы болады, ауа температурасы облыстың көп бө-

лігінде климаттық нормадан 1-2 градусқа жоғарылайды. Наурыз айында жауын-шашын мөлшері нормадан көп болуы ықтимал.

– Жауын-шашын көлемі, қардағы су қоры, топырақтың ылғалдануы мен қату тереңдігі, сондай-ақ күндізгі жылымық пен қайта суыту құбылыстарының жиі ауысуы нәтижесінде мұз қабығының пайда болуы ықтималдығы ескеріліп, облыс су тасқыны қаупі жоғары өңірлер қатарына жатқызылып отыр. Жоғары тәуекел Алтай, Глубокое, Зайсан, Тарбағатай, Самар, Ұлан және Үлкен Нарын аудандарында күтіледі, – деді төтенше жағдайлардың алдын алу басқармасының бастығы.

Құтқарушылар тұрғындарға көктемгі кезеңге алдын ала дайындалуды ұсынады: аула аумағын қардан тазарту, арықтар мен су ағатын каналдарды мұздан аршу еріген судың кедергісіз ағуына мүмкіндік береді. Төтенше жағдай туындаған жағдайда 112 нөміріне хабарласу қажет.

Төтенше жағдайлар департаменті жұртшылықты қауіпсіздік шараларын сақтауға, ресми ақпарат көздеріне ғана сенуге және ескерту хабарламаларын назардан тыс қалдырмауға шақырады. Су тасқынына дайындық жұмыстары тұрақты бақылауда.

#ӘЛЕУМЕТ

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы шаралар

✍ Дмитрий ЧЖАН, Айдос МЫРЗАХМЕТОВ

Өскемен қаласында әлеуметтік қызметкерлерге арналған семинар өтті. Іс-шара Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасына қарасты «Жанұя» отбасын қолдау орталығының базасында ұйымдастырылды.

Семинардың басты мақсаты – әлеуметтік мамандардың құқықтық сауаттылығын арттыру және әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу жолдарын түсіндіру. Қатысушыларға некеге мәжбүрлеу, stalking және тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін көзделген жауапкершілік туралы нақты ақпарат берілді.

– Бұл ақпараттық науқан Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайдың V отырысында берген тапсырмаларына сәйкес өткізіліп отыр. Негізгі мақсат – әйелдердің құқығы мен қауіпсіздігін қорғауға бағытталған қылмыстық заңнамадағы жаңа өзгерістерді түсіндіру, – деді «Жанұя» отбасын қолдау орталығының директоры Маруа Гайсина.

Оның айтуынша, бүгінде қоғамда әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың кез келген түріне мүлдем төзбеушілік қалыптастыруға ерекше назар аударылуда. Осыған байланысты өңірде алдын алу шараларын күшейтуге бағытталған нақты жоспар әзірленген.

Өскемен қаласы полиция

басқармасының отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес бөлімінің инспекторы Эльнара Бекқалиева бұл бағыттағы жұмыстар дағдарыс орталықтарымен бірлесіп жүргізілетінін атап өтті. Серіктестер қатарында «Жанұя» орталығы, «Ана үйі», «Шаңырақ» және басқа да ұйымдар бар.

– Өткен жылы облыста ауыр өмірлік жағдайға тап болған 128 отбасы анықталды. Оларға әлеуметтік, құқықтық және психологиялық көмек көрсетілді. Құқықбұзушылықтың алдын алу үшін полиция тарапынан профилактикалық шаралар тұрақты түрде өткізіліп келеді, – деді ол.

Айта кетейік, өңірде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында «Тұрмыс», «Отбасындағы зорлық-зомбылықсыз Қазақстан», сондай-ақ «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы белсенді іс-қимылдың 16 күні» акциялары ұйымдастырылып келеді. Бұл шаралар қоғамда зорлық-зомбылыққа нөлдік төзімділік қалыптастыруға бағытталған.

#ҚАУІПСІЗДІК

ШҚО авиациясы: шалғай аудандарға сенімді көмек

✍ Айдос МЫРЗАХМЕТОВ

ШҚО авиациялық бөлімшесі құрамындағы әуе кемелері өңірдің тыныс-тіршілігімен біте қайнасқан стратегиялық күшке айналған. Асқар таулар мен адам аяғы сирек басатын шалғай аймақтарда дәл осы тікұшақтар уақытпен санаспай көмекке ұмтылады. Санитарлық рейстер арқылы ауыр халдегі науқастарды жеткізу, орман өрттерін ауыздықтау, тасқын қаупі туғанда жедел әрекет авиация қызметкерлерінің күнделікті еңбегі.



Бүгінде кәсіпорын паркінде 10 әуе кемесі бар. Оның жетеуі – Ми-2, екеуі – Ми-8МТВ-1 және біреуі – Ми-8Т тікұшағы. Бұл техникалар өңірдегі сан түрлі міндеттерді атқарып келеді: санитарлық авиация арқылы науқастарға көмек көрсету, іздестіру-құтқару жұмыстары, орман қорын қорғау, төтенше жағдайлар кезінде

жүк тастау мен десант түсіру секілді жауапты операциялар күнделікті қызметтің бір бөлігіне айналған. Бұрын поршеньді қозғалтқышы бар Ми-1 мен Ми-4 әуе кемелері пайдаланылған болса, қазіргі газтурбиналы қозғалтқыштары бар тікұшақтар қауіпсіздік деңгейін едәуір арттырған.

– Өткен жылы авиация бө-

лімшесінің экипаждары 832 ұшу сағатын орындаса, оның 470 сағаты төтенше жағдайлар мен патрульдік жұмыстарға тиесілі, – дейді Ми-2 әуе кемесінің командирі Фёдор Кузнецов. – Шығыс Қазақстанның күрделі географиясы авиацияның маңызын арттырып отыр. Биік таулар, шалғай ауылдар мен табиғаты қатал аймақтарда тікұшақтар – жедел әрекет етудің ең тиімді құралы. Әсіресе, өңірдің қатал климаты – минус 40 градустан аптап ыстыққа дейінгі ауа райы жағдайында жұмыс істеу ұшқыштар мен техникалық мамандардан ерекше төзім мен кәсібилікті талап етеді.

Авиация саласындағы кадр тапшылығын шешу мақсатында кәсіпорын азаматтық авиация академиясымен және өңірлік колледждермен бірлесіп болашақ мамандарды даярлауға кіріскен.

– Былтыр кәсіпорын ЯК-40 және ЯК-42 ұшақтарына техникалық қызмет көрсету жұмыстарын кеңейтіп, республикадағы бірегей сертификатталған базаға айналды. Алдағы жылдары әуе кемелерін жаңарту жоспары да қарастырылуда. Әр пилоттың тәжірибесі он мың сағаттан асады. Кәсіби дайындықтың арқасында біз кез келген жағдайда сенімді жұмыс істей аламыз, – дейді Фёдор Иванович.



Айна ЕСКЕНҚЫЗЫ
Жібек НҰРАХМЕТ

Өскемен қаласында 2025 жылдың наурыз айынан бастап белсенді ұзақ өмір сүру орталығы жұмыс істейді. Қазір бұл жерде екі жүзден астам зейнеткер емдік дене шынықтырумен айналысады, йога мен би сабақтарына қатысып, түрлі үйірмелер арқылы денсаулықтарын нығайтып, бос уақыттарын мәнді де сәнді өткізіп жүр. Орталық егде жаста да белсенді, сергек әрі мағыналы өмір сүруге болатынын дәлелдеп отыр.

Бұл орталық – жай ғана бос уақыт өткізетін орын емес, өмірге деген құштарлықтың, тоқтаусыз ізденістің, жаңаны үйренуге деген шынайы ынтаның ордасы. Мұнда келген әрбір зейнеткер өзіне қажет дүниені табады: бірі денсаулығын түзеуге ден қойса, енді бірі көптен іште қалған арманын жүзеге асыруға кіріскен. Келушілердің арасында әр мамандықтың өкілдері, тіпті доцент, филология ғылымдарының профессоры да бар.

Мұнда қолөнер және қолданбалы өнер үйірмелері, арт-терапия, емдік дене шынықтыру, йога, би залдары, музыка сабақтары өтетін бөлімдер жұмыс істейді. Шахмат пен тоғызқұмалақ сияқты зияткерлік ойындар, үстел теннисі, сондай-ақ жайлы демалыс аймағы бар. Әрбір келуші өзіне ұнайтын іспен айналысып, жаңа достар тауып, белсенді өмір салтын ұстануға мүмкіндік алады.

Облыс әкімінің қолдауымен ашылған орталықта бүгінгі күнге дейін мыңға жуық адам әртүрлі үйірмелерге қатысып, бос уақыттарын пайдалы өткізу мүмкіндігіне ие болды. Олар бір үйірмеге үш ай қатыса алады, одан кейін басқаларға орнын босатып береді. Бірақ келесі үйірмеге жазылып, шығармашылықпен немесе спортпен айналысуларына болады, – дейді орталықтың директоры Әділбек Қожахметов.

ҚИМЫЛ БАР ЖЕРДЕ – ӨМІР БАР

Орталықтағы ең сұранысқа ие бағыттар – емдік дене шынықтыру, йога және тренажер залы. Таңнан кешке дейін бұл жерде қозғалыс үзілмейді: бірде келушілер йогамен айналысса, одан кейін тренажерларда жаттығып, тағы бірде би сабақтарын өткізеді. Орталықта емдік дене шынықтырумен айналысатын тоғыз топ бар, олармен төрт нұсқаушы жұмыс істейді. Нұсқаушылардың барлығы кәсіби жаттықтырушылар, Ольга Рыпакова атындағы жеңіл атлетика орталығының мамандары. Бір топта орташа 20-25 адам қатысады. Зейнеткерлер кәсіпқой спортшы емес, денсаулықтарын нығайту мақсатында айналысатындықтан, аптасына екі-үш рет келіп, қатысады. Үлкен кісілер кейде шаршап кетеді, оны да ескеру керек.

– Біздің топқа жетпіс пен сексен

жастың арасындағы, тіпті одан да үлкен жастағы қарттар келеді. Олардың көбісі өмір бойы жұмыс, отбасы, бала-шаға, қоғамдық міндеттермен айналысып, өз денсаулығына уақыт бөле алмаған. Қазір бос уақыт пайда болған соң, өз-өздеріне көңіл бөліп, бізбен бірге жүйелі түрде жаттығуды бастады. Сабақ барысында қол-аяқтың қызметін жақсартуға, буындардың икемділігін арттыруға және тепе-теңдікті сақтауға арналған қарапайым, қауіпсіз жаттығулар орындаймыз, – дейді йога жаттықтырушысы Николай Ситников.

Йога тек физикалық емес, рухани дамуға да ықпал етеді. Тұрақты тәжірибе адамның ой-санасын өзгертіп, өмірге деген көзқарасын кеңейтеді, сабыр мен ішкі тыныштық сыйлайды.

– Мысалы, 70 жастағы бір қатысушымыз «Түйе» (Ustrasana) қалыптарын меңгеріп алды – бұл оңай асана емес. Ал 63 жастағы ер адам бар болғаны екі ай жаттыққанына қарамастан «көпір» жаттығуын сенімді орындайды, – дейді Николай Ситников.

«Түйе» асанасын үйреніп алған, біз өнерін тамашалаған Гүлнар Сәдуақасқызы осы орталыққа қыркүйек айынан бастап тұрақты түрде келіп жүр. Йогадан басқа тренажер залында жаттығады, орталықтан тыс жерде жүзумен де айналысады.

– Николай – керемет жаттықтырушы. Ол бізге денемізді тыңдауды үйретеді. Қай бұлшық ет қалай жұмыс істейді, қалай дұрыс иілу керек – бәрін түсіндіреді. Тағы бір жаттықтырушымыз Абылхайыр өткізетін жаттығулар да ерекше. Ол бүкіл денеге кешенді жүктеме беріп, барлық бұлшық етті жұмысқа қосады. Нәтижесінде әр сабақтан кейін орталықтан көтеріңкі көңіл күймен шығамыз, – дейді зейнеткер.

Жетпістен асқан Гүлнар Түменбаева бұған дейін де бес жыл бойы скандинавиялық жүріспен айналысқан. Бірақ орталыққа келген соң өмірінің жаңа белесі басталғанын айтады. Тренажер залында жаттығу жасап, йоганың түрлі тәсілдерін меңгере бастады.

– Бұл орталық – бізге берілген үлкен мүмкіндік. Әр адам осында келіп, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, күш-қуат жинай алады. Мен бұрын білмеген көптеген жаттығуларды үйрендім. Денем икемге келіп, жеңілдеп қалды, – дейді Гүлнар апай.

Саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнап, бар күш-жігерін білім мен тәрбиеге жұмсаған Сәуле Мұхатаева мен Төлеу Бекбауова сынды ардагер ұстаздар да бүгінде белсенді ұзақ өмір сүру орталығында жаңа белеске қадам басып жүр. Шәкірт тағдырына алаңдап, талай мүмкіндікті кейінге шегергендері рас. Енді сол «кейінге қалған» армандардың уақыты жетті.

– Бұл – тек бос уақытты тиімді өткізу емес. Бұл – өмірдің жаңа кезеңінде өзіңді қайта тану, жаңа орта табу, рухани серпіліс алу. Таныстарымызға да осындай тамаша орталық барын айтып, жарнамалап жүрміз. Егде жастағы адамдарға осындай жағдай жасаған облыс басшылығына, бізге ерінбей-жалықпай үйрететін жаттықтырушыларымызға, басқа үйірмелердің де жетекшілеріне шексіз ризамыз, – дейді

ұстаздар.

СЕКСЕН АЛТЫДАҒЫ СЕРГЕКТІК

Орталықтың ең белсенді ақсақалы сексен алты жастағы Тоқтасын Қажыкенұлының жүріс-тұрысына, қимылына, өмірге деген көзқарасына қарап, сексеннің сеңгіріне шықты дегенге сену қиын. Өзі жинақы, сымбатты, қимылы ширақ, сөзі нық.

Тоқтасын ата Алматы политехникалық институтын бітіріп, өндіріс саласында ұзақ жылдар қызмет атқарған. Қарапайым маманнан бастап, еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігі саласының бас инженері деңгейіне дейін көтерілді. Бар саналы ғұмырын адал еңбекке арнады.

Бірақ қарияны ерекше ететін – жасы емес, жастық рухы. Ардагердің зейнетке шыққаннан кейін екінші тынысы ашылғандай.

– Аптаның әр күнін мәнді өткізу үшін жоспарлап қойғам. Шахмат турнирлеріне қатысып, тоғызқұмалақ ойнап, бильярд үйреніп жүрмін. Йога, би сабақтарына қатысамын. Ал жексенбі күндері – би кеші, – дейді ақсақал.

Сексен алты жастағы зейнеткер вальс, қара жорға, бидің басқа түрлерін де билейді. Қимылы жеңіл, музыка ырғағын дәл сезінеді. Би оның жүрегіне салмақ емес, керісінше қуат береді. Қасында тұрақты серіктесі бар. Екеуі сахнаға шыққанда, олардың жасын емес, жарасымын көресің.



Қария би алаңында да, шахмат жарысында да өзін еркін ұстайды.

Өмірлік серігін ерте жоғалтқан Тоқтасын ата бар күшін балаларын оқытып-жеткізуге арнаған-ды. Бүгінде ұл-қызынан тараған төрт немеренің бақытты атасы. Немерелері атасының би билейтінін мақтаншы көреді. Ол кісі үшін «қозғалыс – бұл өмір».

Сексен алты жас – оның паспорттың дағы сан ғана. Ал шын жасы – жүрегіңдегі жастықта.

БИ – БҰЛ ҚОЗҒАЛЫС, КӨҢІЛ КҮЙ, ЭНЕРГИЯ

Ерлі-зайыпты Галина мен Есмұрат Мажикеновтар үшін зейнеткерлік жаңа мүмкіндіктерге, қозғалысқа, шығармашылыққа толы кезең. Осы орталықта бір жылдан бері белсенді түрде би билеп, спортпен шұғылданып, түрлі мәдени іс-шаралардың көркін келтіріп жүр.

– Қазір біз тек веналық вальспен шектелмейміз. Хореографымыз Айгүл Аңсағанқызы бізге әдемі қимылдарды көрсетіп, қысқа мерзімде жаңа билерді үйретеді. Соның арқасында орыс биі, испан биі, веналық және мәнерлеп билеу вальстері, латынамерикандық билер – ча-ча-ча, самба, қазақтың «Көк-

тем» вальсі, «Қаражорға», «Киіз басу» секілді ұлттық билерін де меңгердік, – дейді Мажикеновтар.

Би – олардың күн тәртібіндегі жалғыз белсенділік емес. Орталықта шахмат, үстел теннисі, басқа да үйірмелер бар, солардың барлығына қатысуға тырысады.

– Кейде ертерек келіп, теннис ойнап үлгереміз. Мен бұрын бокспен, күреспен, тенниспен айналысқанмын. Қалада зейнеткерлерге жеңілдіктер қарастырылған бассейндер де бар, сонда жүзуге де барып жүрдік. Орталық барлық үйірмелер бір жерде орналасқанымен ыңғайлы, – дейді Есмұрат Мажикенов.

Галина ханымның ұлты корей болғанымен, ол қазір қазақ тілі курсына жазылып, тіл меңгеріп жүр. Тым болмаса ауызекі тілді үйренгісі келеді.

Орталықтағы би тобының ұжымы бір жылдың ішінде қарттар үйінде, жұмыспен қамту орталығында, түрлі қоғамдық іс-шараларда өнер көрсетіп келеді. 1-қазанда облыстық филармонияның концерт залында өткен ауқымды концертке де қатысқан.

Қазір бишілер тобы үлкен жауапты кезеңге дайындық үстінде. 11 сәуір күні Алматы қаласында өтетін 60+ жас санатындағы екінші халықаралық би байқауына қатысып, өнерлерін сынға салмақшы. Бұл байқауға шамамен 25 адам дайындалып жүр. Қазылар талқысына екі би – халық биі мен еркін жанрда ұсынуға тиіс.

– Біз – бәріміз зейнеткерміз. Жол

шығыны, костюмдер – бәрі қымбат. Осылардың бәрін өзіміз көтереміз. Сондықтан қазір демеуші іздеп жүрміз. Қаладағы кәсіпорындарға хат дайындап, көмек сұрағалы отырмыз, – дейді олар.

Көп жыл бимен айналысқан шығармашыл жандардың ұсыныстары да бар екен.

– Әдетте би залдарының бір қабырғасы тұтасымен айна болады. Бізге де сондай жағдай жасаса дейміз. Айна арқылы қимылды бірден көріп, кемшіліктерді түзетуге болады. Қазір біз видеоға түсіріп, үйде қарап жүрміз. Айна аса қымбат емес деп ойлаймыз, мүмкін демеушілер табылар, – дейді олар.

Мажикеновтардың айтуынша, бұл орталық – зейнеткерлер үшін нағыз құтты мекен.

– Бұл – жас орталық. Осындай орындарға қолдау керек. Сонда зейнет жасындағы адамдар да белсенді өмір сүріп, қоғамның бір бөлшегі болып қала береді, – дейді Галина мен Есмұрат Мажикеновтар.

ҚОЛӨНЕР – БҰЛ МИДЫҢ ЖАТТЫҒУЫ

– Арт-терапия, жүннен қолөнер бұйымдарын жасайтын үйірме де көп зейнеткерлерді қызықтырады. Сурет

Ұзақ ғұмыр кепілі

салады, жүннен неше түрлі сувенир бұйымдар жасайды. Түрлі түсті жіптерден панно құрастырады. Мына іргедегі Бестерек ауылында музей бар, соның жетекшісі Сәкен Ғайсаны өзімізге шақырып, зейнеткерлердің шығармашылығымен таныстырды. Музейге еліміздің түкпір-түкпірінен қонақтар келеді, сол кісілерге біздің апаларымыздың қолынан шыққан бұйымдарды көрсетуге болады. Кейбіреуі өзіне ескерткіш үшін сатып алуы мүмкін ғой. Болашақта музеймен тығыз байланыста жұмыс істеу ойымызда бар, – дейді Әділбек Жаныбекұлы.

Асанова Роза апай ұзақ жылдар бойы медицина саласында еңбек етіп, халық денсаулығына қызмет еткен жан. Алайда жетпістен асқан шағында ол өзі үшін жаңа бір әлемді – ұлттық қолөнер әлемін ашты. Белсенді ұзақ өмір орталығындағы киіз басып, жүннен бұйым жасайтын үйірмеде Роза апай тек шығармашылықпен айналысып қана қоймай, ішкі жан дүниесіне үңілуге мүмкіндік алғанын айтады. Қолөнер ол кісіге сабырлықты, төзімділікті, ойды жинақтауды үйретті.

– Ұзақ уақыт оқу, жұмыс, қызмет деп жүріп, апаларымыздың киіз басы өнеріне терең мән бермеппіз. Әр түсті үйлестіру, әр бөлшекті ойлап жасау – бұл жай ғана еңбек емес, бұл мидың жаттығуы, – дейді дәрігер.

Зейнеткердің қолынан шыққан жүннен басылған панноларда туған жері Марқакөлдің табиғаты, Катонқарағайдағы су сарқырамасы, Алакөлдің табиғаты әсем бейнеленген, көздің жауын алады.

Дәрігердің айтуынша, жас ұлғайған сайын ми қызметін белсенді ұстау аса маңызды. Қолөнер ұсақ моториканы дамытады, есте сақтау қабілетін сақтауға көмектеседі, күйзелісті азайтады. Бұл – қартаю үдерісін баяулатудың табиғи жолдарының бірі.

Қолөнермен қатар ол тоғызқұмалақ пен шахмат ойнауды үйренген. Сонымен бірге ол стол теннисімен айналысады. Бұл спорт түрі қозғалысты, жылдам реакцияны және жалпы дене белсенділігін сақтауға көмектеседі.

Өскемендік Алмаш Ахмадиева жүннен кішкентай ғана бұйымдар жасап, жақындарына сыйлауды әдетке айналдырған. Жуықта алақанға сыйып кетердей сүйкімді пима басыпты. Мұндай бұйымдар ырымдық, қорғаныш белгісі ретінде жасалады.

Алғашында Алмаш ханым скандинавиялық жүріс пен емдік дене шынықтыруға қатысқан. Кейін йогаға жазылып, тоғызқұмалақ пен шахмат үйірмесіне қосылған. Қазір би тобының белсенді мүшесі.

Орталықтағы өмір тек сабақпен шектелмейді. Мұнда мерекелер ұйымдастырылады, бірге шай ішіп, Жаңа жыл кешін, басқа да мейрамдарды, туған күндерін көңілді өткізеді. Алмаш апай қатысатын би тобы түрлі іс-шараларға шақырылып, бірнеше рет сахнада өнер көрсеткен. Қазір олар сыған биін билейді, сонымен қатар веналық вальс пен корей биін үйреніп жүр.

– Би – бұл қозғалыс, көңіл күй, энергия. Сахнаға шыққанда жасымызды ұмытып кетеміз, – дейді Алмаш ханым.

КИІЗДЕН БАСЫЛҒАН КАРТА

Мамандығы биолог Ирина Новикова ұзақ жылдар бойы педагогикалық институтта (қазіргі ШҚУ) анатомия және жануарлар физиологиясы кафедрасында қызмет еткен. Кейін өмір жолы техникалық салаға бұрылып, өндірісте де еңбек етті. Қай ортада жүрсе де, ұжыммен бірге, адамдар арасында жұмыс істеуге дағдыланған.

Зейнетке шыққан соң бұрын қолы тие бермейтін қолөнерге қайта оралып, шығармашылық ізденіс басталады. Ұлының кеңесімен белсенді ұзақ өмір

сүру орталығына келеді. Алғашқыда күмәнданғанымен, кейін бұл орта оның жаңа тынысын ашады. Арт-терапияға да қатысып көреді, бірақ бұрыннан сурет салуға бейімі болғандықтан, өзіне тың дүние іздейді. Сөйтіп киіз басу өнеріне келеді.

Жүннің тек құрғақ емес, ылғалды әдіспен де басылатынын, одан картина, мүсін, тұрмыстық бұйым жасауға болатынын осы жерде терең меңгере бастайды. Қазір топтағы құрбыларымен бірге үлкен шығармашылық жобаға кірісуді жоспарлап отыр.

Олардың арманы – Наурыз мерекесіне орай Шығыс Қазақстанның киізден жасалған физикалық картасын әзірлеу. Саяси не әкімшілік емес, дәл табиғи бедерін көрсететін карта. Биолог болғандықтан, Ирина Петровна үшін бұл жоба ерекше жақын. Таулар мен өзендер, көлдер мен жазық дала – барлығы жүн арқылы бедерленіп, алдымен ылғалды әдіспен басылмақ. Кепкеннен кейін инемен өңдеп, өңірге тән жануарлар мен құстардың шағын мүсіндері орналастырылады.

– Біздің өңір – шағын Швейцария іспетті: тауы да, даласы да, өзені де бар. Картада сонымен қатар қар барысы, қызыл кітапқа енген, сирек кездесетін жануарлардың бейнелерін де мекендейтін жерлерінде белгілесек дейміз. Тіпті кең жазықтарға шағын киіз үйлер мен жылқы табынын орналастыру да ойымызда бар. Яғни бұл жай карта емес, «тірі карта» болмақ. Қысқасы, ой-қиялымыз шексіз, оны іске асыру үшін алдымен облыстың физикалық картасының үлгісін табу керек. Бәлкім оқырмандарымыз көмектесер деген үмітіміз бар, – дейді Ирина Новикова.

Ирина Петровна киізді тек қолөнер емес, мүсіндік деңгейге көтергісі келеді. Ол жасаған туындылардың арасында қабық пішінінен піл бейнесіне айналған ерекше бұйым, сәндік мүсіндер бар. «Жаман жұмыс болмайды, тек оны көре білу керек» деген ұстазының сөзі оған әр еңбегінен жаңа бейне табуға үйреткен.

Терімен жұмыс істеу де – оның сүйікті бағыты. Бұрын өзі ізденіп, ешкім үйретпеген тәсілдермен жүн мен теріні үйлестіріп, ерекше фактура жасаған. Осылайша екі бірдей авторлық сөмке тіккен. Соның бірі – былғары мен жүнді біріктіріп жасаған сәндік сөмке, екіншісі – арыстан бейнесі бедерленген қолөнер туындысы. Оларды сатуға асықпайды, себебі әрқайсысы – ізденістің, үйренудің, тәжірибенің жемісі.

Бүгінде Ирина Петровна үшін зейнеткерлік – тоқтау емес, жаңа бастау. Ғылыми білім, табиғатқа сүйіспеншілік пен шығармашылық қиял тоғысқанда, жүннен тұтас өңірдің бейнесін жасау идеясы да заңды жалғастық іспетті.

БӘСЕКЕ ДЕ, БАҚТАЛАСТЫҚ ТА ЖОҚ ОРТА

Серікбаева Сәуле апай белсенді ұзақ өмір сүру орталығына қараша айынан келіп жүр.

– Бұл жерге келудегі басты мақсатым – өзімді дамыту, жаңа іс үйрену, тігін тигуді меңгеру болды. Бұрын мұндай іспен айналыспағандықтан көп үйренуге тура келді. Алғашында тігін машинасын қалай сабақтау, қалай дұрыс басу керектігін де білмедік. Қолымыз икемге келмей, тігісіміз қисық шығып жататын. Біртіндеп зигзаг тігісін, матаны дұрыс ұстауды, қолдың икемін қалыптастыруды үйрендік. Бұл тек қол еңбегі емес, ойды, есте сақтауды дамытатын пайдалы іс деп ойлаймын, – дейді зейнеткер.

73–82 жас аралығындағы апалар жас күндерінен тігін машинасымен іс тігіп, ою ойып, құрақ құраған жандар. Алайда тоқпен жүретін тігін машинасын осы жерде меңгеріпті. Олардың кейбіреуі зейнетақыларына сатып алып, осы



жерге әкеліп қойыпты.

– Бұрын іс тіккенде мына екі қарымз талып қалушы еді. Мынау бір рахат екен, екі қолың бос, тек аяқпен басып отырасың, жұмысың да өнімді, – дейді қариялар.

Олар үшін сән көрсетілімдері ұйымдастырылып тұрады. Қазір де Наурыз мерекесіне қарсы әркім өзіне ұлттық нақыштағы шапандарын тігіп, байқауға дайындалып жүр.


– Бізге сахнада жүру, өзімізді ұстау, киімді көрсету әдеби үйретілді. Бұл біз үшін үлкен жаңалық әрі ерекше тәжірибе болды. Қазір де ай сайын түрлі шараларға қатысып тұрамыз. Сонымен қатар тоқыма тоқуды, әртүрлі бұйымдар жасауды үйреніп жүрміз, – дейді сексен екі жастағы Бикамал әже.

Бұл орталықта бәсеке де, бақталастық та жоқ. Керісінше, бір-бірінен үйрену, қолдау көрсету, ортақ қуанышқа бөлену басым. Осындай ортада өткізілген әрбір сағат серпіліс пен мотивация сыйлайды, ал қарттардың өмірге деген құштарлығы еріксіз тәнті етеді.

ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ КЕҢЕЙІП КЕЛЕДІ

Қазіргі таңда орталыққа келушілер саны артып, қызмет түрлері кеңейіп келеді. Осыған байланысты орын тапшылығы да біліне бастады. Ғимараттағы кабинеттердің басым бөлігі зейнеткерлерге арналған үйірмелерге бөлінген. Үйірмелерден кейін шай ішетін арнайы орын да қарастырылған, бұл – келушілердің әлеуметтік араласуы үшін өте маңызды.

– Біздің басты мақсатымыз – зейнеткерлерге барынша қолайлы жағдай жасау. Сондықтан кабинеттер ең алдымен үйірмелер мен белсенділік бағыттарына берілген. Қазіргі уақытта қосымша бір-екі кабинетті уақытша, өтеусіз негізде алу бойынша келіссөздер жүргізілуде. Бұл мәселе оң шешімін тапқан жағдайда, арт-терапия, қолөнер және тоқыма бағыттарын жеке кабинеттерге орналастыру жоспарланып отыр, – дейді директор.



Сонымен қатар гардероб мәселесі де назарда тұр. Қазіргі жағдайда ер-азаматтарға киім ауыстыратын бөлек орын қарастыру қажеттілігі туындап отыр. Басшының айтуынша, әрбір келуші өзін еркін әрі жайлы сезінуі тиіс.

АУДАНДАРДА ФИЛИАЛ АШУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ

Орталықтың қызметін кеңейту мақсатында бүгінгі таңда аудандарда филиалдар ашу кезең-кезеңімен қолға алынған. Катонқарағай ауданында бұрынғы ауылдық клуб ғимараты қарастырылып, бастапқыда ұсынылған 70 шаршы метрдің орнына келіссөздер нәтижесінде 150 шаршы метр орынға қол жеткізілді. Жергілікті жерде екі адамды қоғамдық жұмыс арқылы қабылдау жоспарлануда. Алдағы уақытта оларды штатқа енгізіп, тұрақты қаржыландыру қарастыру көзделіп отыр.

Шемонаиха ауданында да бастама көтеріліп, жергілікті өкілдер орталық жұмысымен танысты. Ашылу тәртібі мен талаптары түсіндіріліп, тәжірибе алмасу мақсатында іссапарлар жоспарлануда.

Тарбағатай ауданында белсенді ұзақ өмір сүру орталығы өткен жылы ашылған. Алайда бұл мекеме облыстық филиалға қарасты емес, аудандық бюджет есебінен медициналық-әлеуметтік мекеме құрамында жұмыс істеп отыр.

Жалпы жоспар бойынша облыстың 12 ауданында әрқайсысында екі қызметкерден болатын филиалдар ашу көзделген. Қазіргі таңда бюджет мүмкіндіктері шектеулі болғандықтан, бастама қоғамдық жұмыс бағдарламасы арқылы іске асырылуда.

– Біздің мақсат – барлық аудандарда облыстық филиалға қарасты орталықтар ашу. Қажетті құрал-жабдық пен кадрлық қолдау кезең-кезеңімен қамтамасыз етіледі, – деп түйіндеді орталық директоры.

#СПОРТ

Тарбағатайлық мұғалімдер Елордадан жүлдемен оралды

Тарбағатай ауданының Абай атындағы орта мектебі ұжымы Астана қаласында өткен «Міржақып СУР» республикалық турнирінде үздік ойын үлгісін көрсетіп, жүлделі екінші орынды иеленді. Бұл – аудан білім саласы қызметкерлерінің кәсіби бағытта ғана емес, спорттық сайыстарда да биік белестерді бағындыра алатынын дәлелдеген айтулы жетістік.

Бұл дода астаналық №68 Міржақып Дулатов атындағы мектеп-гимназияның ұйымдастыруымен өтті. Еліміздің әр өңірінен жиналған 24 команда өзара шеберлік байқасып, тартысты ойын өрнегін көрсетті.



Жарысты тікелей эфир арқылы тамашалаған ауыл тұрғындары, мектеп ұжымы мен мәдениет қызметкерлері жеңімпаздарды Ақжар ауылының кіреберісінен зор қошеметпен қарсы алды. Әуезді ән мен күмбірлі күйге ұласқан қуаныш сәті елдің бірлігін, ұстаздарға деген құрметін аңғартты.

Команданың Астанаға барып-қайтуына қолдау білдірген Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің басшысы Самал Дауытбаева мен әдіскер Нұрбол Мейрамбекұлына ұжым атынан алғыс айтылды. Осындай жанашырлық пен сенімнің арқасында ұстаздарымыз республикалық деңгейде өңір намысын абыроймен қорғап қайтты.

Турнир қорытындысы бойынша мектеп директоры Нәзигүл Ақыбаева үздік ойын көрсеткені үшін арнайы грамотамен марапатталды. Ұйымдастыра білу және алға жетелеу нағыз лидерге тән сипат екені осы жолы тағы дәлелденді.

Айта кету керек, республикалық додаға дайындық мектепшілік ұстаздар арасындағы волейбол турнирінен бастау алған болатын. Бұл ішкі турнир ұстаздардың шеберлігін шыңдауға ықпал етті.

Бүгінде облыстық, аудандық деңгейде топ жарып жүрген ұстаздар командасының Елордадан жүлдемен оралуы – мектеп ұжымы үшін зор мақтанштық. Жерлестеріміз Айбек Нұрмұханбетов, Рауан Әлібеков, Жарқын Сәдуақасов, Ғалым Шамгунов, Ержан Бақытбек, Дәурен Қабидолдин көрсеткен демеушілік те ортақ жеңіске қосылған үлес екені сөзсіз.

Мейіргүл Мұралбек,
Абай атындағы орта мектептің мұғалімі
Тарбағатай ауданы

#КЕЗДЕСУ

Қаланың қарқынды дамуы – тұрақты жұмыстың нәтижесі

✍ **Айна БӘКІМБАЕВА**

📷 **Артём ЖИГУЛИН**

Өскемен қаласының әкімі Алмат Ақышов қызметке кіріскеніне бір жыл толуына орай өскемендіктер алдында 2025 жылы атқарылған жұмыстарына есеп беріп, алдағы кезеңге арналған басым бағыттарды таныстырды. Есеп беру кездесуінде экономика, инвестиция, әлеуметтік сала, инфрақұрылым және абаттандыру бағыттарындағы нақты нәтижелер мен 2026 жылға арналған жоспарлар баяндалды.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ

Өскемен – елімізде алғашқылардың бірі болып шағын және орта бизнеске екі пайыздық салық мөлшерлемесін бекіткен қала. Бүгінде бұл тәжірибе республиканың өзге өңірлерінде де қолданысқа енгізілуде. Нәтижесінде кәсіпкерлік саласының көрсеткіштері айтарлықтай өсті. Бюджетке 179,6 млрд теңге түсім түсіп, 2024 жылмен салыстырғанда 53,3 пайызға артты, – деп атап өтті қала басшысы.

2025 жылдың басынан бастап кәсіпкерлікті қолдаудың кешенді бағдарламасы аясында 6,3 млрд теңгеге 53 жоба субсидияланып, 85 жобаға жалпы сомасы 12 млрд теңге болатын несиеге кепілдік берілді.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

– Өңірімізде өндіріс жетекші сала екені белгілі. Алайда экономиканы әртараптандыру үшін шағын бизнесті дамытуға ерекше көңіл бөліп отырмыз. Мемлекет басшысы инвестиция тартуға айрықша мән беруде. Өскемен қаласы бойынша жалпы құны 148 млрд теңгені құрайтын 20 жоба іске асырылуда. Сонымен қатар өңірге 1,5 млрд теңгенің бес жобасы тартылды, – деді қала әкімі.

Инвестициялық жобалардың ішінде өткен жылы пайдалануға берілген «Maxi Mall» сауда-ойын сауық орталығы мен «Altaimai» ЖШС-ін атап өтуге болады. «Рынок Заречный» сауда үйінің құрылысы аяқталып, «AitasAgroAstyk» астық қоймасы пайдалануға берілді. «Медсервис ПЛЮС» мекемесінің сауда-өндірістік кешені іске қосылып, қалада алғашқы «А» класты фармацевтикалық терминал ашылды.

Сондай-ақ «ALTAU» көтерме-тарату орталығы ашылып, қала тұрғындарын қолжетімді бағамен азық-түлікпен қамтамасыз етуге мүмкіндік жасалды.

– Қазір инфляция қарқыны жоғары, баға өсіп жатыр. Осы орталықтың ашылуы тұрғындарды ауыл шаруашылығы өнімдерімен, жеміс-жидек, көкөніспен тиімді бағамен қамтуға жол ашты. Баға бәсекелестік арқылы тұрақтанады деп сенемін. Бұған қоса, біз апта сайын ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерін ұйымдастырып келеміз. Қазір қаланың алты нүктесінде өткізіледі. Бұл да өскемендіктерді сапалы әрі қолжетімді азық-түлікпен қамтамасыз етуге ықпал етуде, – деді қала әкімі.

2026 жылы жалпы құны 46,9 млрд теңгені құрайтын 8 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Қала басшысы қоғамдық көлікті жаңарту мәселесіне де ерекше тоқталды. Өскемен – елімізде трамвай қатынасы сақталған санаулы үш қаланың бірі. Былтыр бюджет есебінен үш жаңа трамвай сатып алынды. Сонымен қатар тасымалдаушылар қаражаты есебінен 45 автобус пен 14 шағын автобус жаңартылды. Алдағы уақытта 12 электробус сатып алу жоспарланған. Әкімнің айтуынша, егер электробустар өңірдің климаттық жағдайына бейімделсе, олардың санын кезең-кезеңімен арттыруға мүмкіндік бар.

– Қоғамдық көліктерде «Оңай» жүйесін енгізудің оң нәтижесін ерекше атап өткім келеді. Аталған жүйе тасымалдаушылар жұмысындағы кемшіліктерді анықтауға мүмкіндік берді, соның нәтижесінде бір бағытта тасымалдаушы ауыстырылды. Сонымен қатар қыркүйек айынан бастап қоғамдық көлікте балалар үшін тегін жол жүру енгізілді, – деді әкім.

ӨСКЕМЕН ӘКІМШІЛІК АУДАНДАРҒА БӨЛІНЕ МЕ?

Өскемен қаласы қарқынды дамып келеді. Жаңа шағын аудандар бой көтеріп, тұрғын үй құрылысы үдемелі түрде жалғасуда. 2025 жылы қалада көпқабатты төрт тұрғын үй пайдалануға берілсе, бүгінде тағы 17 тұрғын үйдің құрылысы жүріп жатыр. Сонымен қатар, көпқабатты он бір тұрғын үйдің құрылысына жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде.

– Бұл – агломерация. Қайтымсыз әрі табиғи үдеріс. Алайда статистикалық дерек пен нақты тұратын халық саны арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Ресми мәлімет бойынша қалада 380 831 адам тіркелген, ал іс жүзінде тұрғындар саны 400 мыңнан асады. Сондықтан жаңа әкімшілік аудандар құруға заңды негіз бар, – деді қала басшысы.

Мұндай тәжірибе бұған дейін болғанын айта кеткен орынды. Аға буын



бойындағы тұрғын үйлердің қасбеттеріне ағымдағы жөндеу жасалады, көше жарықтандырылып, тротуарлар жөнделеді, – деді қала әкімі.

Сондай-ақ бірқатар демалыс аймақтары жаңғыртылады. Амфитеатр аумағы абаттандырылып, мәдени-көпшілік іс-шаралар өткізуге бейімделеді. «Өмір жолы» аллеясы жаңа жаяу жүргіншілер бағытына айналады. «Сәулетай» саябағында шағын сәулет нысандары жаңартылып, қауіпсіздік талаптарына сәйкестендіріледі. Назарбаев даңғылында Спорт сарайынан Ушанов алаңына дейін созылып жатқан аллея абаттандырылады.

Қаладағы маңызды жобалардың бірі – Студенттер аллеясын абаттандыру. Бүгінде Өскеменде екі бірдей жоғары оқу орны жұмыс істегенімен, осы уақытқа дейін студент жастардың арнайы жиналып, демалатын заманауи қоғамдық кеңістігі болмаған.

– Өскеменде екі университет бар, бірақ осы күнге дейін студент жастардың еркін жиналып, уақыт өткізетін арнайы кеңістігі болмады. Біз осы оқулықтың орнын толтыруымыз керек. Студенттер аллеясын заманауи талаптарға сай абаттандырып, жастардың бас қосатын, идея алмасатын, дема-



өкілдері Өскеменде Үлбі және Октябрь аудандары болғанын жақсы біледі.

Әкімнің айтуынша, қаланы аудандарға бөлу – ең алдымен инфрақұрылымдық және коммуналдық мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік береді. Әр ауданның өз бюджеті мен нақты өкілеттігі болады. Бұл жергілікті проблемаларды жедел әрі жүйелі түрде реттеуге жол ашады.

ШАҒАРДЫҢ САЯБАҚТАРЫ МЕН АУЛАЛАРЫ ЖАҢАРАДЫ

Өскеменде 2026 жылы аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру жұмыстары жалғасады.

Жоспарға сәйкес 15 аула кешенді абаттандырылады, 14 аулада балалар алаңы, 8 аулада спорт алаңы орнатылады.

– Өткен жылы қаладағы бірқатар көшелердегі көпқабатты үйлердің қасбеті жөнделді. Биыл Әуезов даңғылы

латын ортасын құрамыз. Ал «Самал» саябағының ашылғанына сегіз жыл болыпты. Уақыт өте келе инфрақұрылым тозады, бұл – табиғи үдеріс. Сондықтан саябақты кешенді түрде жаңартып, оны қайтадан қала тұрғындарының сүйікті демалыс орнына айналдырамыз, – деді қала басшысы.

Кездесу барысында қала тұрғындары өздерін толғандырған мәселелерді ашық айтып, ұсыныс-пікірлерін жеткізді. Шағын аудандардағы өзекті проблемалар да назардан тыс қалмады.

– Мен уәде еткен шағын аудандарға арнайы барып, жағдайды өз көзіммен көремін. Жауапты сала мамандары сіздердің өтініштеріңізді тіркеп алады. Барлық мәселені бірлесе отырып, ақылдасып шешуге болады деп ойлаймын, – деді қала әкімі.

Жиын соңында Алмат Ақышов өскемендіктерді алда өтетін республикалық референдумға белсенді қатысып, азаматтық ұстаным танытуға шақырды.

#АГРОСЕКТОР

Алдағы екі жылда өңірде 7 ветстанция мен 70 ветпункт салынады

✍ Ержан ӘБІШ

Облыстың ветеринариялық қызметі эпизоотиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және мал шаруашылығының дамуына жағдай жасау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізуде. Елді мекендерде төрт түліктің саулығын сақтау, жұқпалы аурулардың алдын алу және қауіпті инфекциялармен күресу үшін кешенді шаралар жүзеге асырылып келеді. Атап өтерлігі, алдағы екі жылдың ішінде облыста 7 ветстанция, 70 ветпункт және 54 мал көміндісін салу жоспарланып отыр. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте облыстық ветеринария басқармасының басшысы Рамиль Сағындықов мәлімдеді.

– Биыл эпизоотиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге 2,07 миллиард теңге бөлінді. Өткен жылы облыста 8 аса қауіпті жұқпалы ауруға қарсы 4,7 миллион вакцина егіліп, оған 757,7 миллион теңге жұмсалды. Олардың ішінде сібір жарасы, құтыру, аусыл, эмкар, пастереллез, нодулярлық дерматит, инфекциялық ринотрахеит, вирустық диарея және қой шешегі бар. Жылқы мен ірі қараға туберкулезді анықтауға арналған аллергиялық зерттеулер де жүргізілді, – деді ол.

Осы жылы 7 аса қауіпті жұқпалы ауруға қарсы 4,3 миллион доза екпе салынбақ. Қазір оның 2,3 миллионы (53%) өңірге жеткізілді. Вакцинация инфекцияны таратпаудың басты құралы болып отыр. Мыт, псороптоз, гиподерматоз және паразиттік аурулардың алдын алу бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Былтыр 134 мың профилактикалық іс-шара өткізілсе, осы жылы

бұл көрсеткіш 140,2 мыңға жетпек.

– Аса қауіпті 8 ауру бойынша өткен жылы 1,2 миллион диагностикалық зерттеу жүргізілді. Ағымдағы жылы бруцеллез бойынша 1,2 миллион сынама алу көзделген, қазіргі кезде 2012 сынама зерттеліп, аталған ауру анықталмады. Жекелеген жағдайлар Зайсан ауданында тіркелгенімен, белсенді ошақтар жоқ, ал бруцеллездің төрт ошағында сауықтыру шаралары жүргізіліп жатыр. Малдың саулығын сақтау шаралары аясында былтыр 104 бас ірі қара санитарлық союға тапсырылды. Мал иелеріне 2,4 миллион шығындары 2,9 миллион теңге болды, – деді басқарма басшысы.

Елең етерлік жайт, биыл Зайсан ауданы аумағында жабайы түлкімен байланыстан кейін ірі қара мал арасында құтыру ауруы тіркелді. Абырой болғанда түлкі дер кезінде ұсталып, жүргізілген диагностикалық зерттеулер



нәтижесінде жануардан құтыру вирусы анықталған. Ауру ошағы анықталғаннан кейін мамандар ірі қара мал басын жедел тексеруден өткізеді. Зертханалық сараптама қорытындысы бойынша бес сиырдың құтыру ауруын жұқтырғаны белгілі болыпты.

Басқарма басшысының айтуынша, инфекция ошағында барлық эпизоотияға қарсы іс-шаралар шұғыл түрде жүргізіліп, шектеу шаралары енгізілген, жануарлар оқшауланып, кешенді санитарлық өңдеу жұмыстары атқарылған екен.

Еске сала кетсек, өткен жылы осындай жағдай көршілес Тарбағатай ауданында тіркелген болатын. Ол кезде түлкі үй жануарын тістегенімен, зертханалық тексеру нәтижесінде одан құтыру вирусы табылмаған-ды.

Мамандар құтырудың аса қауіпті ауру екенін еске салып, мал иелерін уақтылы вакцинация жүргізуге және

жануарлардан ауру күдігі байқалған жағдайда ветеринариялық қызметтерге дереу хабарлауға шақырады.

Жалпы, облыстағы ветеринария саласында 11 коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын және 99 ветеринариялық пункт жұмыс істейді, 572 маман бар. 133 арнайы автокөлік, 13 дезинфекциялық қондырғы, инсинератор сатылып алынған. 157 мал көміндісі, 101 сібір жарасы қорымы бақылауда, өткен жылы бес мал көміндісі салынды. Сондай-ақ былтыр 373 мыңнан астам мемлекеттік қызмет көрсетілген. Ветеринариялық анықтама беру, паспорт рәсімдеу, деректерді өзектендіру және қызметті лицензиялау – барлығы электрондық форматта ұсынылады.

Бұдан бөлек, мал иелеріне арналған «Tortulik» мобильді қосымшасы енгізілді, онда мал басын есепке алу, ветеринариялық паспорт рәсімдеу және деректерді түзету мүмкіндігі қарастырылған. Қолданушылар саны облыста 9 мыңнан асты.

Атап өтерлігі, алдағы екі жылдың ішінде облысымызда 7 ветстанция, 70 ветпункт, 54 мал көміндісін салу жоспарланып отыр.

Түйіндер болсақ, өңірдегі эпизоотиялық жағдай тұрақты әрі қатаң бақылауда. Вакцинация, диагностика, санитарлық іс-шаралар, цифрландыру және инфрақұрылымды дамыту өңірдің биологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

#ТЕАТР МЕРЕКЕСІ

Өскеменде «SHYGY S CAKHA FEST» тұңғыш театрішілік фестивалі өтті

✍ Дәурен АЛЛАБЕРГЕНҰЛЫ

Облыс орталығында Шығыс Қазақстан облыстық драма және оперетта театрында алғаш рет «SHYGY S CAKHA FEST» бірінші театрішілік фестивалі ұйымдастырылды.

Ақпан айының 19-23 аралығын қамтыған мәдени жоба аймақтық театр тарихындағы жаңа кезеңнің бастамасына айналып, бір шығармашылық кеңістікте төрт театр труппасын қатар біріктірді.

Ұйымдастырушылар атап өткендей, фестивальдің басты мақсаты – театр ұжымдарының шығармашылық әлеуетін ашу, сахналық ізденістер мен көркемдік эксперименттерге жол ашу, кәсіби диалог пен тәжірибе алмасуды дамыту.

– «SHYGY S CAKHA FEST» – жанрлар мен стильдердің, идеялар мен көзқарастардың тоғысқан алаңы болды. Мұндағы қазақ, орыс, оперетта және жастар труппалары өз табиғатына сай көрермен назарына өзіндік сахналық тілін, актерлік шеберлігін және режиссерлік көзқарасын ұсынды. Фестиваль бағдарламасы аясында түрлі жанрдағы қойылымдар көрсетіліп, театр өнерінің көпқырлы болмысы айқын көрініс тапты. Барлығы 14 аталым бойынша үздіктер анықталды, – деді облыстық Мәдениет басқармасының бөлім басшысы Ләззат Жұмашева.

Фестиваль аясында театрлық қойылымдарды арнайы шақырылған кәсіби театр сыншылары бағалап, актерлер құрамына кәсіби талдау жасалды, мазмұнды сын-пікірлер ұсынды. Сараптамалық пікірлерін білдірді.

Атап айтқанда, фестивальге Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының ұстаздары, республикаға танымал театртанушылар Анар Еркебай, Меруерт Жақсылықова және Айжан

Ахмет қатысты. Олардың кәсіби бағасы труппалардағы шығармашылық үдерісті терең талдауға және театр ұжымдары үшін маңызды тәжірибелік бағыт-бағдарды айқындауға мүмкіндік бергені анық.

– Мұндай фестивальдер көрерменге театрды ішінен тануға, сахна артындағы шығармашылық аураны сезінуге және театр мен көрермен арасындағы байланысты нығайтуға жол ашады. Оның үстіне Өскемен театрында төрт бірдей театрдың бірге орналасуы шығармашылық деңгейді көтеруге үлкен мүмкіндік. Мұнда актерлердің, режиссерлердің, жалпы ұжымның шығармашылық еңбегі бағаланады. Бұл біз үшін де жаңалық болды. Қолдау білдірген облыстық театрдың, облыстық мәдениет басқармасының басшыларына алғыс білдіреміз, – деді театртанушы, өнертану кандидаты, халықаралық театр жобаларының сарапшысы, кәсіби сыншы Анар Еркебай.

Фестиваль шымылдығы облыс орталығындағы бұрынғы театр ғимаратында Н.Серікпаевтың режиссерлігімен сахналанған Б.Андерссон мен Б.Ульвеустің «Матта тіа» музыкалық спектаклімен ашылды.

Төрт күнге созылған мәдени шараға өңірдегі барша театр сүйер қауым, мәдениет және өнер өкілдері шақырылды. 23 ақпанда I театрішілік фестиваль өз мәресіне жетіп, жеңімпаздар анықталды.

Сонымен «Үміт» номинациясында – Юлия Юрочкина, Тимур Тұраров, Айым Бегмат, Михаил Ивановтардың есімдері аталса, шығармашылық-техникалық құрам ішінде «Үздік жарықпен көркемдеуші» болып Анатолий Коблов, «Үздік костюм суретшісі» ретінде Қарлығаш Дәуітбекова, «Үздік сценограф» Евгения Макаревич, ал «Үздік музыкалық көркемдеу» бойынша «Матта тіа» қойылымы үшін Оперетта театрының оркестрі танылды.



ШҚО драма және оперетта театры

Ал актерлер арасында «Эпизодтық рөлдегі үздік актриса» ретінде Майра Арғынбекова, «Эпизодтық рөлдегі үздік актер» Қанат Саматов, «Екінші пландағы үздік актриса» Дина Епимахова, «Екінші пландағы үздік актер» Қанат Ниязбеков, «Бейне жасаудағы кәсібилігі үшін» Ақжол Сақанов, «Үздік актриса» Аялым Тұрысбекова және «Үздік актер» ретінде Жантай Тұрысбеков дараланды.

Бас жүлделерге келсек, «Үздік режиссер» аталымына Абай Дәулетұлы («Ауылдағы оқиға») лайық деп танылса, «Үздік актерлік ансамбльде» С.Лобозеровтың «Ауылдағы оқиға» спектаклі ерекшеленді, «Үздік қойылым» номинациясында Ш.Айтматовтың «Шынарары менің, шырарайлым менің» (режиссері Асыл Қозықанов) лирикалық драмасы топ жарды.

«SHYGY S CAKHA FEST» – Шығыстағы театр өнерінің дамуына тың серпін берген, шығармашылық батылдық пен жаңашыл ойларды дәріптеген мәні зор мәдени шара болды. Ұйымдастырушылар мұндай ішкі фестиваль дәстүрлі түрде жалғасатынын атап өтті.

#ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТИП

Бала өмірі – басты құндылық

Қазіргі уақытта балалар мен жасөспірімдер суицид алаңдаушылық туғызады, бұл – ең қайғылы және әлеуметтік қолайсыз құбылыстардың бірі. Кәмелетке толмаған адамның өмірден өз еркімен кету фактісі – отбасы мен жақын адамдары үшін ауыр психологиялық күйзеліс.

Статистикаға сәйкес, былтыр облыс аумағында кәмелетке толмаған балалар арасында төрт суицид дерегі тіркелді, бұл 2024 жылмен салыстырғанда (екі жағдай) екі есе көп.

Ал суицидтік әрекеттердің 31 жағдайы тіркелген, бұл 2024 жылмен салыстырғанда (33 жағдай) көрсеткіштің 6,1 пайызға шамалы төмендегенін көрсетеді.

Қалыптасқан жағдайда суицидтік мінез-құлықтың психологиялық профилактикасы – мемлекет пен қоғамның басым міндеттерінің бірі. Білікті психологиялық көмекті уақтылы көрсету суицидтік көріністердің алдын алуда және қайғылы салдарды азайтуда шешуші рөл атқарады.

Елімізде тегін психологиялық қолдау көрсететін бірнеше қызмет жұмыс істейді. Олар – отбасы, әйелдер және балалар құқығын қорғау мәселесіне арналған «111» бірыңғай мемлекеттік байланыс орталығы (тәулік бойы және жасырын жұмыс істейді) және балалар мен жастарға психологиялық көмек көрсететін «150» ұлттық сенім телефоны.

Балалардың өмірі мен денсаулығы – әрбір ата-ананың және жалпы қоғамның құндылығы.

**ҚР Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу
комитетінің ШҚО бойынша
департаменті**

#ЕРЛІК

Өртеніп жатқан үйден екі баланы аман алып шықты

Алтай ауданына қарасты Соловьево ауылында болған бұл оқиға ел есінен көпке дейін өшпесі анық. Қысқы аяз қыспаққа алып тұрған бір сәтте ауылдың тыныш тіршілігін өрттің қою түтіні мен үрейлі көрінісі бұзды. Тұрғын үйдің лапылдап жанып жатқанын көргендер бір сәтке дағдарып қалса, ауылдың бір азаматы ойланбастан әрекетке көшті.

Өртке оранған үйдің ішінде екі кішкентай баланың қалып қойғаны белгілі болғанда әр секунд құнды еді. Дәл осы сәтте Соловьев орта мектебінің дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Рулан Сейітов нағыз ер азаматқа тән батылдық танытты. Қалың түтін мен лапылдаған жалынға қарамастан ол қауіпке бас тігіп, үйге жақындай түсті.

Есіктен кіру мүмкін болмады. Оттың қызуы мен түтіннің қоюлығы мұрша бермеді. Сонда Рулан Тельманұлы бір сәтке де кідірмей, терезені сындырып, іште үрей құшағында қалған балаларды кезек-кезегімен сыртқа алып шықты. Осылайша батыл азаматтың сабырлы да нақты қимылдары екі баланың өмірін аман сақтап қалды.

Оқиға болған күні далада қатты аяз болған. Балаларды суықта қалдырмай, Рулан Сейітов оларды дереу өз үйіне алып барып, жылытыпты. Сонымен қатар көршілеріне өрт туралы хабар беріп, жағдайды бақылауға алған. Бірақ ерлік мұнымен тоқтаған жоқ. Өрт ошағында әлі де қарт адамның қалғанын



естігенде ол жанып жатқан үйге қайта оралуға тәуекел етті.

Көршілердің айтуынша, сол бір қауіпті сәтте Рулан Тельманұлының әрекеті айқын, байсалды әрі сенімді болған.

– Ол қорыққан жоқ, не істеу керектігін анық білді, – дейді ауыл тұрғындары.

Өзінің жасаған ісін ерлікке баламайтын ол:

– Мұндай жағдайда әр адам осылай істер еді, – дейді.

Дегенмен, бұл әрекет – нағыз азаматтықтың, адамгершіліктің жарқын үлгісі. Қиын сәтте өзгенің өмірін өзінікінен биік қойған жандар – қоғамның шынайы тірегі.

Газет беттеліп жатқанда редакциямызға сүйінші хабар да келіп жетті. Белгілі болғандай, облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының міндетін атқарушы Фархат Әміре министрдің арнайы бұйрығымен Рулан Сейітовке «Өртте көрсеткен қайсарлығы үшін» медалін табыстаған екен. Лайықты марапат!

Осындай батыр жүректі азаматтарымыз барда ел ішінде сенім де, үміт те, бірлік те жоғалмайтыны анық.

#ҚАУІПСІЗДІК

Қатер – аяқ астында: мұздағы рейдтер жалғасуда

Қыс мезгілінде өзен-көлдердегі қауіп арта түседі. Күн райының үнемі құбылып тұруы салдарынан мұз әрдайым біркелкі қатпайды, жылымықта кей жерлері жұқара түседі. Соған қарамастан балықшылар мұз үстіне шығып, өмірлерін қатерге тігіп жүр. Көп жағдайда олар қысқы су қоймаларына баруға мүлдем дайын болмайды.

Осыған байланысты өңір құтқарушылары мұздағы рейдтер мен түсіндіру жұмыстарын жандандырған.

– Жүргізілген 1500 рейдтік және түсіндіру іс-шаралары барысында құтқарушылар азаматтарға қысқы су айдындарындағы қауіпсіз жүріп-тұрудың негізгі ережелерін ұғындырды. Басты назар профилактикаға аударылады: тұрғындарға шұғыл қызметтердің нөмірлері айтылып, ережелер түсіндіріле-



ді, – деді облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Исхар Савазов.

Қыс басталғалы бері өңірде 72 адам қауіпсіздік талаптарын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

#САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ

Құтқарушылар мұқтаж жандарға қамқорлық көрсетіп жатыр

Көктемгі су тасқыны қаупі бар кезең қарсаңында өңір құтқарушылары алдын алу шараларын күшейтіп, өмірлік қиын жағдайға тап болған азаматтарға нақты көмек көрсетуде. Бұл жұмыстардың басты мақсаты – төтенше жағдайдың алдын алып, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Ұлан ауданының Герасимовка ауылында құтқарушылар жалғызбасты зейнеткерге қолдау білдірді. Қарияның үйі су басу қаупі бар аумақта орналасқандықтан, мамандар оның ауласын және су ағатын арналарды қардан тазартты. Сонымен қатар су деңгейі көтерілген жағдайда қорғаныс жасау үшін инертті материал дайындалды.

Құтқарушылардың айтуынша, су тасқынына дайындық – арнайы қызметтердің ғана емес, әр тұрғынның да міндеті. Сондықтан халыққа аула аумағын уақтылы тазалау, су өтетін арықтарды ашық ұстау және қажетті қорғаныс құралдарын алдын ала дайындау жөнінде кеңес берілуде.

Осындай қайырымдылық әрі про-



Құтқарушыларды алаңдататын өзекті мәселенің бірі – балықшылардың автокөлікпен мұзға шығуы. Су айдындарындағы қауіпсіздік ережелерінің 46-шы тармағының 4-ші тармақшасына сәйкес көлік құралдарымен тек арнайы белгіленген аумақ арқылы жүруге рұқсат етіледі. Белгіленбеген жерден мұзға шығуға қатаң тыйым салынады.

ТЖД мамандары мұзға шыққанда құтқару кеудешесін киюді міндетті түрде ескертеді. Егер мұздың қалыңдығы 25 сантиметрден кем болса, өзіңізбен бірге ысқырық, жуандығы бір сантиметрден кем емес, ұзындығы кемінде 12 метр арқан, сондай-ақ ұзындығы 2 метрден кем емес таяқ болуы қажет.

Кәметелке толмаған балаларға ересектердің бақылауынсыз мұз үстіне шығуға болмайды. Ал балық аулау кезінде

ойықтар бір-бірінен кемінде бір метр қашықтықта жасалуға тиіс.

Мұз астына түскен адамды қалай құтқару керек? Мұндай жағдайда сабыр сақтап, тез әрі дұрыс әрекет ету маңызды: ұзын таяқ, тақтай немесе арқан алып, еңбектеп мұз ойығына жақындаңыз, зардап шегушіге бірнеше метр қалғанда тоқтап, оған арқан не таяқ ұсыныңыз, оны мұз үстіне абайлап шығарып, қауіпті аймақтан жорғалай отырып алыстаңыз, жағаға жеткен бетте дереу жедел жәрдем шақырыңыз. Ең бастысы – үрейге бой алдырмай, шапшаң әрі байыппен әрекет ету.

Қауіптің алдын алу – әр азаматтың жауапкершілігі. Төтенше жағдай туындаған жағдайда 112 нөміріне хабарласу қажет.

Мұз үстіндегі бір сәттік немқұрайлық орны толмас қайғыға әкелуі мүмкін. Сондықтан сақтық – өмір кепілі.



филактикалық акциялар өңірдің басқа аумақтарында да жалғасып жатыр. Атап айтқанда, Глубокое, Шемонаиха, Тарбағатай, Самар аудандарында, сондай-ақ Өскемен мен Алтай қалаларында көмек көрсету шаралары ұйымдастырылып жатыр. Қауіп аймағында орналасқан үйлерге ерекше назар аударылып, тұрғындарға қажетті қолдау көрсетілуде.

Құтқарушылардың бұл бастамасы – төтенше жағдайдың алдын алуға бағытталған маңызды қадам ғана емес, азаматтық жауапкершілік пен жанаушылықтың айқын көрінісі. Алдын алу жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын табады.

Бетті әзірлеген –
Ержан Кеңесұлы

#ЗАҢ МЕН ТӘРТИП

Бір сәттік «табыс» – өмірлік өкініш

✍ Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ

Қазіргі қоғамдағы ең өзекті әрі қауіпті мәселелердің бірі – жастардың есірткі қылмысына тартылуы. Өкінішке қарай, бұл індет жылдан-жылға жасарып барады. «Жеңіл ақша», «тез табыс», «ешкім байқамайды» деген жалған уәде көптеген жасөспірім мен талай жастың тағдырын тас-талқан етуде. Ойланбай жасалған бір шешім – темір тор, үзілген үміт пен жоғалған өмірлік мүмкіндіктерге әкеледі. Ең сорақысы – есірткі қылмысына тартылғандардың қатарында мектеп оқушылары, колледж және жоғары оқу орындарының студенттері жиі кездеседі. Бұлар – әлі өмір жолын енді ғана бастап келе жатқан, ел үміт артқан жастар. Ал ата-аналар үшін бұл – орны толмас қайғы. «Өте жақсы бала еді», «мұндай іске баруы мүмкін емес» деп сенген ұл-қыздарының қылмыстық іске араласып кеткенін білу – әр отбасы үшін ауыр соққы.

ЖАСТАР НЕГЕ «ЖЕҢІЛ АҚШАҒА» ТЕЗ АЛДАНЫП ҚАЛАДЫ?

Мамандардың айтуынша, бұған бірнеше себеп бар. Біріншіден, жасөспірімдер мен жастар қауіптің салдарын толық бағалай бермейді. «Мен ұсталып қалмаймын», «бәрі осылай істеп жүр», «бір рет қана» деген ой олардың санасында басып. Екіншіден, әлеуметтік және қаржылық қиындықтар да өз әсерін тигізеді. Оңай әрі тез табыс табуға деген қызығушылық ақылға салмақ салдырмайды. Үшіншіден, интернет пен әлеуметтік желілер арқылы жүргізілетін жасырын үгіт-насихат та үлкен рөл атқарады. Барлығы «қауіпсіз», «анонимді» болып көрінеді. Алайда бұл ең ауыр қылмыстардың бірі екені көп жағдайда ескерілмейді.

Шын мәнінде, есірткіге қатысты кез келген әрекет ауыр қылмыстық жауапкершілікке әкеледі. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, жарты грамм есірткіні тарату немесе бір ғана «закладка» қалдырудың өзі 15-20 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасын көздейді. Бұл – бір қателікпен адамның бүкіл болашағын, мамандығын, отбасын, қоғамдағы орнын жоғалту деген сөз.

Осындай тағдырға тап болған 25 жастағы сотталған Марат (есімі өзгертілген) өз өміріндегі қателігімен бөлісті. Колледжді тәмамдаған соң ол Астана қаласына барып, оқу мен жұмысты қатар алып жүруді жоспарлаған. Алғашқыда бәрі ойдағыдай болғанымен, пәтерақы мен несие төлемдері қаржылық қиындыққа әкелген. Сол сәтте ол «жеңіл жолмен ақша табуға» болатын жұмысқа келісім берген.

– Ақша табудың жолын іздеп жүріп, икемді жұмыс уақыты мен жоғары жалақы уәде етілген курьерлік жұмысқа келістім. «Бір-екі ай ғана істеймін» деп ойлады. Бірақ бұл шешім бүкіл тағдырымды өзгертіп жіберді, – дейді жас жігіт.

Алайда уәде етілген «жеңіл табыс» ұзаққа бармаған. Көп ұзамай ол құқық қорғау органдарының қолына түсіп, ауыр қылмыс үшін сотталған. Қазіргі таңда жас жігіт Абай облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесіне қарасты орташа қауіпсіздік мекемесінде үш жылдан бері жазасын өтеп жатыр, сот үкімімен 11 жылға бас бостандығынан айырылған.

– Жеңіл жолмен ақша табамын деп ойлады. Бірақ сол бір сәттік «табыс» мені темір тордың ар жағына алып келді. Еркіндіктен қымбат ештеңе жоқ екен. Бір ғана қате шешім он бір жыл өмірімді алып қойды. Болашақтарыңды өз қолдарыңмен құртып алмаңдар, – деп ескерткісі келеді ол жасөспірімдерді.

«КЕШІРІМ СҰРАСАМ, БӘРІ ШЕШІЛЕДІ»

Көп жағдайда жастар мен олардың ата-аналары істің соңы осындай ауыр салдарға әкелетінін кеш түсінеді. Қылмыстық іс қозғалғаннан кейін кері шегінер жол жоқ. Құқық қорғау органдары әр істі заң аясында қарайды, ал «өкініш

білдіру» мен «кешірім сұрау» мүлдем көмектеспейтіні анық. Баласын құтқару үшін ата-аналар соңғы жинаған қаражатын адвокаттарға беріп, кейде тіпті баспанасын сатуға мәжбүр болады. Алайда ақша да, уақыт та жағдайды өзгерте алмайды. Себебі қылмыстың салдары – өмір бойы адамның артынан қалмайды. Есірткі қылмысының зардабы тек түрмемен шектелмейді. Бұл – адамның психологиялық күйреуі, денсаулығының бұзылуы, отбасының ыдырауы, қоғамдағы беделінен айырылуы. Бір ғана «рет» кейде бүкіл өмірдің соңғы нүктесіне айналады.

Осы түйткілді мәселе аясында Шығыс Қазақстан облысы Полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары, полиция полковнигі Алмаз Төкеновке ресми сауал жолдадық. Құзырлы органның мәліметінше, облыста жастар арасында есірткіге байланысты құқықбұзушылықтардың алдын алу



бағытындағы жұмыстар күшейтілген. Барлық заңсыз әрекеттер жедел-іздістіру шаралары барысында анықталып, әрбір дерек бойынша толыққанды тергеу жүргізіледі.

– Есірткі құралдарының заңсыз айналымына қатысты барлық фактілер жедел-іздістіру іс-шаралары нәтижесінде анықталады. Әрбір дерек бойынша қажетті тергеу әрекеттері толық көлемде жүргізіледі. Бүгінде ауыр қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілік 14 жастан бастап қарастырылады. Бұл – ата-аналар мен жастар үшін аса маңызды ереже. «Мен кәметке толмағанмын, мені кешіреді» деген түсінік – мүлде қате. Заң бәріне бірдей. 2025 жылдың 3 наурызынан бастап заңнамаға енгізілген өзгерістерге сәйкес, есірткі бизнесін ұйымдастырушылар мен оны таратушылардың, соның ішінде «закладчиктердің» жауапкершілігі нақты ажыратылған. Жаза мөлшері рөліне қарай белгіленгенімен, ұзақ мерзімге бас бостандығынан айыру қауіпін сол күйінде сақталады, – деді Алмаз Төкенов.

Ресми деректерге сүйенсек, соңғы екі жылда әйелдердің қатысуымен анықталған есірткі қылмыстары екі еседен астам артқан. Ал 2026 жылдың алғашқы айының өзіндегі көрсеткіш бұл теріс үрдістің әлі де жалғасып жатқанын аңғартады.

Өскемен қаласының прокуратурасы келтірген мәліметке сәйкес, 2024 жылы есірткі сату дерегі бойынша 3 әйел ұсталған болса, 2025 жылы бұл көрсеткіш 7-ге жеткен. Ал 2026 жылдың небәрі бір айында тағы 2 әйел қылмыс үстінде қолға түскен. Құқық қорғау органдары мұндай жағдайлардың жылдан-жылға артып келе жатқанын айтып, қоғамды алаңдатып отырғанын жеткізеді.

Естеріңізге сала кетейік, жуырда Шығыс Қазақстан облысында есірткі саудасына қатысы бар 20 жастағы қыз құқық қорғау органдарының қолына түсті. Бұл оқиға – жастардың «жылдам ақша табамын» деген оймен қандай қауіпті жолға түсіп жатқанын айқын көрсететін нақты мысалдардың бірі.

ШҚО Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының мәліметінше, 2005 жылы туған азаматша ірі көлемде есірткі таратумен айналысып жүрген жерінен ұсталған. Тергеу барысында оның интернет-мессенджерлер арқылы жұмыс істеп, синтетикалық есірткіні көтерме тәсілмен жеткізетін курьер, яғни кең таралған тілмен айтқанда «закладчик» болғаны анықталды.

Жеке тінту кезінде күдіктінің қол сөмкесінен 400 граммнан астам «мефедрон» табылып, тәркіленді. Бұл – аса ірі көлем. Мұндай мөлшердегі есірткі жүздеген, тіпті мыңдаған адамның өміріне қауіп төндіруі мүмкін. Осыған ұқсас тағы да бір сұмдық жағдай Шымкент қаласында да орын алды. Полиция есірткі заттарын заңсыз сату фактісі бойынша екі жасөспірімді ұстады. Күдіктілерден

тағдыры, бір отбасының күйреуі, бір болашақтың жойылуы.

Соңғы жылдары жастарды есірткі айналымына тарту тәсілдері де өзгерген. Қазір негізгі «қармақ» – интернет пен әлеуметтік желілер. Қауіп тобына көбіне 20–35 жас аралығындағы, әлеуметтік, психологиялық немесе қаржылық қиындыққа тап болған жастар кіреді. Құқықтық сауаттылықтың төмендігі, тез әрі оңай ақшаға қызығу, ата-ана бақылауының әлсіздігі мен ортаның әсері – басты себептердің қатарында. Құқық қорғау органдары алдын алу шараларына ерекше басымдық беріп отыр. Мектептерде, колледждер мен жоғары оқу орындарында тұрақты түрде лекциялар, кездесулер, семинарлар, интерактивті сабақтар ұйымдастырылады. Былтыр аймақ бойынша 700-ден астам профилактикалық іс-шара өткізіліп, оған 130 мыңға жуық адам қамтылған.

– Есірткі қылмысына қарсы күрестегі басты тетік – профилактика. Бұл – халықпен күнделікті жүргізілетін жүйелі жұмыс. Басты мақсат – жастардың есірткіге деген теріс көзқарасын қалыптастыру. Департамент «Самға» театр ұжымымен бірлесіп, жастарға арналған «Таңдау» атты спектакльді сахналады. Қойылым облыстағы білім беру ұйымдарында көрсетіліп, 10 мыңға жуық оқушы мен студентті қамтыды. Спектакль жасөспірімдерді жеке таңдау, жауапкершілік пен өмірлік құндылықтар туралы ойлануға жетелейді, – деді полиция полковнигі.

Мамандардың айтуынша, есірткі қылмысының алдын алуда ата-ананың қырағылығы шешуші рөл атқарады. Баланың түсініксіз табысының пайда болуы, қымбат заттар сатып алуы, қайдан және қалай табыс табатынын ашып айтпауы, мінез-құлқының күрт өзгеруі – бәрі де қауіпті белгі болуы мүмкін. Сондай-ақ VPN, Tor секілді жасырын сервистерді қолдану, телефонда подъезд, құбыр, жәшік тәрізді күмәнді нысандардың суреттерінің көбеюі немесе таң ата үйден шығып кетуді әдетке айналдыру да ерекше назар аударуды қажет етеді.

Департамент өкілдері ата-аналарды қорқыту мен бопсалауға сенбеуге шақырады. Егер бала дер кезінде полицияға жүгініп, шындықты жасырмай айтса, бұл оның жауапкершілігін жеңілдетуі мүмкін. Ал мәселені жасырып, үнсіз қалу баланың болашағына орны толмас зиян келтіруі ықтимал.

Осы ретте өңір тұрғындарынан есірткі «жасырын қоймаларын» (закладкаларды) немесе оларды таратумен айналысатын тұлғаларды анықтаған жағдайда, бұл туралы құқық қорғау органдарына дереу хабарлау сұралады. Шығыс Қазақстан облысының прокуратурасы есірткі заттарын заңсыз сату деректері туралы расталған кез келген ақпарат үшін ақшалай сыйақы қарастырылғанын мәлімдеді. Сонымен қатар, хабар берген азаматтардың жеке деректері толық құпия сақталып, қауіпсіздігіне кепілдік берілетіні атап өтілді. Ақпаратты 8 (771) 659-53-22 нөмірі арқылы хабарлауға болады.

Бұл тақырыптағы ең қауіпті нәрсе – оның біртіндеп үйреншікті құбылысқа айналуы. Біз есірткіге қатысты қылмыстарды жаңалық ретінде оқып, «тағы бір жағдай» деп өте шығуға дағдыланып барамыз. Ал шын мәнінде, әрбір ұсталған жас – орындалмай қалған арман, әрбір үкім – бүтін бір отбасының үнсіз күйреуі. Қоғам бұл қауіпке тек құқық қорғау органдарының міндеті деп қараған сәттен бастап, ұтылған жақ көбейе береді. Себебі есірткіге қарсы күрес – заңмен ғана емес, санамен, жауапкершілікпен және бейжайлықтан бас тартумен басталатын ортақ майдан.

#САҢЛАҚ

Спортта сайраған ізі жатыр...

Анатөлі Құлназаровтың есімі еліміздің спорт сүйер қауымына жақсы таныс. Ұзақ жылдар бойы қазақ спортының ыстық-суығына төзген, қарапайым ғана ауыл мектебінде балаларға дене тәрбиесінен дәріс беріп, олардың спортпен шұғылдануына өлшеусіз үлес қосқан, кейін еліміздің спорт саласын ұзақ жылдар басқарған қоғам қайраткері Анатолий Қожекен-ұлы Құлназаров 80 жасқа толды.

Спорт саласының ардагері жүріп өткен жолда оның сайраған ізі жатыр. Ізденіс пен ілкімділік, қажымай-талмай еткен еңбектің жемісті де жеңісті жолдарын көресіз. Ол – дене тәрбиесі мен спорт саласындағы ғалым, педагог, ұйымдастырушы және мемлекет қайраткері. Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық Балтық педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Петров ғылым және өнер академиясының, Европалық спорт ғылымдары қауымдастығының толық мүшесі, Алманияның Кельн қаласындағы шағын халықтар академиясының магистрі, 300-ден астам ғылыми еңбектің, 30-дан астам оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың авторы. Есімі елге елеулі осынау қарапайым ағамен таныс болғаныма 60 жылдан астам уақыт өтіпті...

Өзендер өрнектеген өскелең Өскемен қаласындағы жалғыз қазақ мектебіндегі біздер үш-төрт жас ересек, сымдай тартылған сымбатты жас жігітке қызыға қарайтынбыз. Сабақтан босай қалса ол спорт залында жаттығу жасайтын. Сенбі, жексенбі күндері іргедегі Жамбыл саябағында үнемі жаттығатын. Мектептен кейін ағамыз Өскемен педагогикалық институтының дене тәрбиесі факультетіне оқуға түсті. Институтта

үздік оқыды, спорт жарыстарына белсене қатысты. Ол орта қашықтыққа жүгіруде облысты былай қойып, елімізде байрағы желбіреген дүбірлі жарыстарға қатысып, жүлде тере бастады.

Жоғары оқу орнын аяқтаған соң қала іргесіндегі Шымқора ауылындағы орта мектепке ұстаз болып келгендегі мақсаты – балаларды спорттың қыр-сырына баулу, келешекте олардың ел намысын абыроймен қорғайтын мықты спортшы болуына ықпал ету болатын. Ол арманы біртіндеп жүзеге аса бастады. Шымқораның балалары аудандық, облыстық жарыстарда жүлде тере бастады. Сол кездің өзінде Анатолий Қожекенұлы балалардың психологиялық дамуын зерттеп, спортты ғылыммен байланыстырып, адам мүмкіндігінің зор екенін дәлелдеуге тырысты. Ол арманы кейін жүзеге асты да.

Екі жылдан соң ол Алматыға келіп, Қажымұқан атындағы балалар мен жасөспірімдер мектебінде ұстаз, соңынан директор болды. Бұл мектептен сандаған Олимпиада ойындарының чемпиондары мен әлем біріншіліктерінің жеңімпаздары шықты. Премьер-министрдің кеңесшісі, соңынан Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының» тұңғыш директоры болды. Алматы мен Астана қалаларында өткен қысқы Азия ойындарының ұйымдастыру комитетінің



атқарушы директоры қызметін де жемісті атқарды. Алматы мен Астанаға сан рет шапқылап, аса жауапты спорт жарысын өткізуде белсенділік танытты. Оның басшылығымен дене шынықтыруды дамытуға арналған мемлекеттік бағдармалар, 1999-шы жылғы «Қазақстан Республикасындағы дене шынықтыру және спорт туралы» Заң әзірленді, халықтың физикалық даярлығын бағалайтын Президенттік тесттер енгізілді.

Анатолий Құлназаров 1993-2015 жылдары Қазақстан Ұлттық олимпиада комитетінің вице-президенті болды, сонымен қатар, ғылыми және қоғамдық қызметпен белсенді түрде айналысты. Жерлесіміздің ғылыми еңбектері дене тәрбиесі, олимпиадалық қозғалыс және спорттық резерв дайындау мәселелерін қамтиды. Оның ғылыми жетекшілігімен 7 докторлық, 10 кандидаттық диссертация қорғалды. Сонау 2006-шы жылы Италияның Турин қаласында жалауы желбіреген Ақ Олимпиада ойындары өтіп жат-

қан кезде Анатолий Қожекенұлының білімі мен біліктілігінің пайдасы жерлестеріне көп тигеніне көз жеткізген едік. Ол спорт сайысына шығатын жастарға ақыл-кеңесін беретін. А.Құлназаров Қазақстан делегациясын олимпиада ойындарына төрт рет басқарып барды, яғни, шеф де миссионер міндетін атқарды.

Мерейлі 80 жасқа толса да ағамыз қатардан қалмай, қазақ спортының абыройын асқақтатып келеді. Ол кезінде өзі құрып, тұңғыш директоры болған ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығында қызметін жалғастыруда. «Дене тәрбиесі жаршысы», «Вестник физической культуры» журналының редакциялық алқасының мүшесі.

Жақында Астанадағы ұлттық ғылыми-практикалық орталығының құрылғанына 25 жыл, атақты ұстаз, ғылым докторы, профессор Анатолий Құлназаровтың туғанына 80 жыл толуына арналған «Өткеннен болашаққа» атты кеш өткізді. Оған Анатолий Қожекенұлының шәкірттері, Олимпиада ойындарының чемпиондары

мен Әлем біріншіліктерінің жүлдегерлері, сонау Өскемен мен Зайсаннан, Қазақстанның басқа қалаларынан қонақтар келді. Ғылыми-практикалық орталықтың директоры Арман Ташметов, Қазақстан Республикасы спорт және туризм, еліміздің жоғары оқу орындары Министрлігінің өкілдері, спорт саласының қызметкерлері жиында сөз алып, ғылыми-практикалық орталықтың өсу-өркендеу жолына, ұжымның негізін қалап, ұзақ жылдар басқарған іскер басшының азаматтық қырына тоқталды. Олимпиада чемпионы Серік Сәпиев, Зайсандағы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебін ұзақ жылдар басқарып, қазір зейнет жасында болса да болашақ чемпиондарды тәрбиелеп жүрген Секен Бодаев, орталықты басқарған Тастанбек Есентаев, Сағдат Садықов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, спорт ардагері Сәдібек Түгелов, ҚР туризм және спорт министрлігінің спорт комитеті төрағасының орынбасары Аманбай Нұрмұханбетов, тағы басқалар жүрекжарды лебіздерін білдіріп, мерейтой иесінің иығына шапан жауып, сыйларын табыс етті. Секен Бодаев кезінде Зайсандағы спорт мектебінің өсіп-өркендеуіне ерекше үлес қосқан Анатолий Қожекенұлының мерейтойына орай аудан әкімі Аэлига Ахметсәлімқызының арнайы жолдаған сыйлығын табыс етті. Мұндай құрмет еліміздің басқа қалаларынан келген қонақтар тарапынан да болды.

Спортта сайраған ізі жатқан ұстаз, қоғам қайраткері, ғалым Анатолий Құлназаровтың бергенінен берері көп.

Қандас Елубай,
ардагер журналист,
Қазақстанның құрметті
спорт қайраткері

#ЧЕМПИОНАТ

Сурдоспорт арқылы тең мүмкіндік қалыптасуда

Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ

Өскемен қаласында есту қабілеті бұзылған спортшылар арасында жеңіл атлетикадан Қазақстан Республикасының чемпионаты өз мәресіне жетті. Бірнеше күнге созылған тартысты бәсеке Ольга Рыпакова атындағы жеңіл атлетика базасы алаңында ұйымдастырылып, елдің түкпір-түкпірінен келген жүзге жуық спортшының басын қосты.

Биылғы додаға Алматы, Шымкент қалалары мен Абай, Ақтөбе, Жамбыл, Маңғыстау, Павлодар, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарынан командалар қатысты. Спортшылар жүгіру, секіру, лақтыру сынды жеңіл атлетиканың бірнеше түрінен бақ сынады.

Чемпионат 2014 жылдан бері дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Негізгі мақсат – сурдоспортты дамыту, есту қабілеті бұзылған спортшылардың кәсіби деңгейін арттыру және инклюзивті спорт мәдениетін кеңінен қалыптастыру.

Шығыс Қазақстан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Асқар Можанов жарыстың маңыздылығына ерекше тоқталды:

– Бұл чемпионат – тек

спорттық дода емес. Бұл – тандылықтың, ерік-жігердің, шынайы еңбек пен үлкен мақсаттың мерекесі. Біз ерекше спортшылардың әлеуетін толық ашуына жағдай жасауымыз керек. Өскеменде мұндай жарыстарды өткізу – біз үшін үлкен жауапкершілік әрі мәртебе. Сурдоспорт – қоғамдағы тең мүмкіндікті қамтамасыз етудің нақты көрінісі. Есту қабілеті бұзылған спортшыларымыз халықаралық аренада да ел намысын абыроймен қорғап жүр. Сондықтан мұндай республикалық жарыстар – болашақ чемпиондарды дайындайтын маңызды алаң, – деді басқарма басшысы.

Жарысқа Ақтау қаласынан келген Қазақстан чемпионатының күміс жүлдегері Қожаберді Сұлтанов та қатысты. Спорт-



шы үшін бұл дода – шеберлікті шыңдаудың кезекті кезеңі.

– Жеңіл атлетикамен екі жылдай айналысып келемін. Әр жарыс – жаңа тәжірибе, жаңа мүмкіндік. Мұнда мықты қарсыластар жиналған. Осындай чемпионаттар бізге өз деңгейімізді көруге, алға ұмтылуға күш береді, – деді ол.

Өскемендік жаттықтырушы Серік Қожанбаевтың шәкірті Ақерке Айтқалиева үшін бұл – алғашқы республикалық чемпионат. Жас спортшы әсерімен бөлісті:

– Облыстық жарыстарға

қатысып жүрмін, бірақ республикалық деңгейдегі жарыстың жауапкершілігі де жоғары. Бастысы – тәжірибе жинау. Болашақта халықаралық жарыстарға қатысып келеді, – деді Ақерке.

Жаттықтырушы Серік Қожанбаев та шәкірттерінің дайындығына оң баға берді:

– Ерекше спортшылармен жұмыс істеу үлкен шыдамдылық пен түсіністікті талап етеді. Олар өте еңбекқор. Осындай чемпионаттар балаларға мотивация береді, өз күшіне сенім ұялатады, – деді ол.

Жарыс қорытындысы бо-

йынша жастар арасындағы жалпы командалық есепте (ұлдар) Ақтөбе облысының спортшылары бірінші орынды иеленді. Екінші орын – Алматы қаласына, үшінші орын – Маңғыстау облысына бұйырды.

Ал жастар арасындағы (қыздар) жалпы командалық есепте Шымкент қаласының спортшылары жеңімпаз атанды. Қостанай облысы екінші орынға тұрақтаса, Абай облысының спортшылары үшінші орынды иеленді.

Мамандардың пікірінше, мұндай жарыстар ерекше спортшылардың әлеуетін ашуға, олардың қоғамдағы белсенділігін арттыруға және салауатты өмір салтын насихаттауға зор үлес қосады. Сурдоспорт – тек медаль үшін күрес емес, бұл – шектеуді мүмкіндікке айналдырудың айқын дәлелі.

Чемпионат соңында жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы марапаттарға ие болып, алдағы халықаралық жарыстарға қатысуға іріктеу мүмкіндігіне қол жеткізді. Өскемен төрінде өткен бұл дода көптеген жас спортшыға жаңа серпін беріп, үлкен арманға жол ашты.

#БАЙҚАУ

«Алтын Сапа» сыйлығына өтінімдер қабылдау басталды

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын Сапа» сыйлығына өтінімдерді қабылдаудың 20-шы мерейтойлық кезеңінің басталғанын хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын Сапа» сыйлығы жыл сайын кәсіпкерлік субъектілерін өнім мен қызмет сапасын жетілдірудегі елеулі жетістіктері және тиімді сапа менеджменті жүйелерін енгізу үшін конкурс негізінде беріледі.

Қатысуға:

– жеке кәсіпкерлер;
– Қазақстан Республикасының аумағында тауар өндірумен немесе қызмет көрсетумен айналысатын заңды тұлғалар (қару-жарақ пен әскери техника өндіруді қоспағанда) шақырылады.

Конкурсқа қатысушылар Комиссияға кемінде үш жыл кезеңде шығарылатын өнімнің немесе көрсетілетін қызметтің жоғары сапасын растауға тиіс.

Жеңістің артықшылықтары:

«Алтын Сапа» сыйлығының лауреаттары:
– Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын Сапа» сыйлығының лауреаты атағы;

– конкурстың эмблемасы (марапаттау статустықасы);
– лауреат дипломы (Мемлекет басшысының қолымен);
– ақшалай сыйлық (450 АЕК көлемінде);
– эмблеманы сапа белгісі ретінде жарнамалық мақсатта, тендерлер мен байқауларда пайдалану құқығы;
– өнім мен қызметтің сапасы саласындағы жетістіктері үшін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы сыйлығына (ТМД сыйлығы) халықаралық байқауға қатысу құқығы.

Сыйлық шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне төрт номинация бойынша беріледі:

1. «Өндірістік мақсаттағы үздік кәсіпорын»;
2. «Халық үшін тауар шығаратын үздік кәсіпорын»;
3. «Қызмет көрсететін үздік кәсіпорын»;
4. «Азық-түлік тауарларын және/немесе ауыл шаруашылығы өнімдерін шығаратын үздік кәсіпорын».

Конкурс аясында арнайы сыйлықтар қарастырылған: «Үздік индустриалды жоба», «Үздік инновациялық жоба». 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жаңа арнайы номинация енгізілді — «Цифрлық даму саласындағы үздік жоба» (жасанды интеллект пен цифрлық шешімдер саласында).

Қалай қатысуға болады?

2026 жылғы 1 шілдеге дейін конкурсқа қатысуға өтінімді www.altynsapa.kz сайтының жеке кабинеті арқылы электронды форматта немесе қағаз нұсқасында өңір-

лік кәсіпкерлер палаталарына жолдау қажет.

Өтінім нысандары мен оған тіркелетін сауалнама Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2009 жылғы 31 шілдедегі № 1167 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Президентінің «Алтын сапа» сыйлығына қатысу үшін материалдарды рәсімдеу, ұсыну және алдын ала бағалау ережелеріне қосымша ретінде беріледі.

Қатысушы сауалнама-декларацияны толтырады және қызметтің қысқаша шолуын және сыйлық моделі бойынша өзін-өзі бағалауды қамтитын есеп дайындайды, ол www.altynsapa.kz сайтында қолжетімді 2018 жылғы 11 маусымдағы № 136 бұйрықпен бекітілген әдістемелік ұсынымдар мен байқау критерийлеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Іріктеу қалай өтеді?

Конкурс төрт кезеңде өткізіледі:

– Өтінімдерді қабылдау және қатысушылар материалдарын алдын ала бағалау;
– толтырылған сауалнама-декларациялар, есептер және тіркелген құжаттарды жинау;
– материалдардың байқау талаптарына сәйкестігін және құжаттардың толықтығын тексеру;

– Қатысушылар материалдарын «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы жанындағы Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын сапа» сыйлығына қатысушылар материалдарын алдын ала бағалау үшін құрылған сарапшылар тобы қарауы сарапшылар ұсынылған құжаттарды сыйлық критерийлері бойынша қарастырады (қатысушыларды EFQM мінсіздік моделі критерийлері бойынша бағалайды, бұл модель еуропа-лық басқарудың үздік тәжірибесін және ұйымдық тиімділікті көрсетеді);

Әр қатысушыға алдын ала баға беріледі.

Кәсіпорындарға барып бағалау және 45 финалисті анықтау;

Сарапшылар тобы қатысушылар кәсіпорындарына барып ұсынылған деректерді растайды;

Шығарып бағалау нәтижелері бойынша сарапшылар тобы байқаудың 45 финалисі туралы сараптама-лық қорытынды дайындайды.

Финалист материалдарын Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын сапа» сыйлығына лауреат атағын беру Комиссиясы қарауы және 15 лауреатты анықтау;

Комиссия сараптамалық қорытындылар мен шығарып бағалау нәтижелерін қарастырады;

«Алтын сапа» байқауының 15 лауреатының соңғы тізімі қалыптасады.

Өтінімді мына сілтеме арқылы жіберуге болады: <https://altynsapa.kz/competition>

#ҚОҒАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – ортақ міндет

Өскемен қаласының Төтенше жағдайлар басқармасы Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, орнықты экономикалық даму және азаматтардың мемлекетке деген сенімін нығайту үшін аса маңызды екенін еске салады.

Өйткені сыбайлас жемқорлық прогресті тежейді, әділетсіздік туғызады, заңның үстемдігін әлсіретеді, наразылық көңіл-күйдің артуына ықпал етеді және бәсекеге қабілетті ортаны қалыптастыруға кедергі келтіреді.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

27.02.2026 жылдан бастап «Шығыс Қазақстан облысындағы Прудхоз құм-қиыршық тасқоспасы кен орнының кең таралған пайдалы қазбаларын өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою жоспары» жобасы бойынша 10 жұмыс күні ішінде талқылау нысанында **қоғамдық тыңдаулар** өткізіледі.

Жобалық құжаттармен танысу, ескертулер мен ұсыныстар беру үшін Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында: <https://ndbecology.gov.kz/> «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде.

Жобаға тапсырыс беруші – «Нұржан Инвест» ЖШС. ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Оралхан Бөкей к-сі, 31/3 үй, 29 пәтер БСН 210740029561;

Тел.: + 7 (775) 365-97-90;

Директоры Нұржанов Сержан Қапасұлы; электрондық пошта 24041971n@mail.ru

Жобалау құжаттамасын әзірлеуші – «Нұржан Инвест» ЖШС.

ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Оралхан Бөкей к-сі, 31/3 үй, 29 пәтер. БСН 210740029561;

Тел.: + 7 (775) 365-97-90;

Директоры Нұржанов Сержан Қапасұлы; электрондық пошта 24041971n@mail.ru

Жергілікті атқарушы орган – «ШҚО Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: 87232 25-72-06, prjemnaya_uprigrvko@akimvko.gov.kz, <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat/about?lang=kk>, <https://ndbecology.gov.kz/>, g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz

ЕСКЕ АЛУ

Шығыстың өнер майталмандарының бірі, Күршім ауданының Құрметті азаматы, Мәдениет саласының үздігі **Отарбаев Ануарбек Сағдолдаұлы** көз тірісінде туған елінің мәдениетіне өлшеусіз үлес қосқан есіл азамат еді. 1 наурыз – туған күніне орай еске алып, жыр шумағын ұсынамын:

*Наурыз айының бірінде,
Өмірге келдің қуантып.
Өзіңнің туған күнінде,
Өмірден өттің жылатып.*

*Бес күндік мынау жалғанда,
Ән-аға қайда, өн қайда?
Жетпіс жасқа жете алмай,
Кеттің-ау, аға, арманда.*

*Баритон дауыс салмақты,
Бөледі өнге аймақты.
Сахна сырын түсініп,
Болдың ғой актер жан-жақты.*

*Өлеңге басып нық қадам,
Ақынның қалам ұстаған.
Есімде халық өндерін,
Ешкім жоқ сендей шырқаған.*

*Көңілдің сырын ақтарып,
Отырмын бүгін еске алып.
Ән-аға, өн боп қаларсың,
Жүректе мәңгі сақталып.*

Еске алушы: **Оразбек Аманжанов**

**ВАКАНСИЯЛАР****Өскемен қ.**

«Казцинк-Темиртранс» ЖШС Өскемен цехына:
– жылжымалы құрамды жөндеуші слесарь;
– тепловоз машинисті;
– пойыз құрастырушы;
– электржабдық жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі электрмонтер;
– аға құрылысшы-инженер қажет.

Байланыс деректері: 8 (7232) 29-27-91, түйіндеме-ні мына мекенжайға әкелу: Өскемен қаласы, Промышленная көшесі, 1 немесе Yelena.Bobrova@kazzinc.com, Albina.Artamonova@kazzinc.com эл. мекенжайларына.

Риддер қ.

«Казцинк-Темиртранс» ЖШС Риддер цехына
– пойыз құрастырушы;
– жол монтері;
– жылжымалы құрамды жөндеуші слесарь қажет.

Байланыс деректері: 8 (72336) 2-76-54, +7-771-095-20-47, түйіндеме-ні мына мекенжайға әкелу: Риддер қаласы, Горноспасательная көшесі, 23 немесе Olga.V.Medvedeva@kazzinc.com эл. мекенжайына.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«Шығыс-Гео» ЖШС 03.04.2026 ж. сағат 11:00-де ШҚО, Күршім ауданы, Қалғұты а.о, Қаратоғай ауылы, Мұқанов көшесі, 36 «Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданының Қалғұты ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ мекен-жайында «Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданындағы Қызылтас-Күршім учаскесі ауданында алтынға барлау жоспарына» ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында **қоғамдық тыңдаулар** өткізіледі.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады. Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады.

Сонымен қатар, ZOOM платформасында бейне-конференц-байланыс арқылы онлайн режимінде қоғамдық тыңдау деректерін өткізу мүмкіндігі бар.

Тыңдауларға қатысу үшін сілтеме бойынша өту керек <https://us04web.zoom.us/j/78378521107?pwd=OAdrwy1Q9E7fNMLTh1aAypJdGdVWRS.1>

Конференция идентификаторы: 783 7852 1107

Қол жеткізу коды: 3ZDJNC

Жобаға тапсырыс беруші: «Шығыс-Гео» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Өскемен қаласы, Рижская көшесі, 42. БСН: 170740015829. e-mail: shygyg-geo@mail.ru, тел.: 8 (705) 5222251.

Жобаны әзірлеуші: «GREENGEO» ЖШС, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Ә.Қашаубаев, 32А. тел.: 87055222251, БСН 230640018348, e-mail: toogreengeo@mail.ru, байланыс тұлғасы: О. А. Акулова.

Жергілікті атқарушы орган – «Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі, тел.: 87475497781

Жоба бойынша құжаттама БЭҚ-те орналастырылған <https://ecportal.kz/> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?land=ru>, «Қоғамдық тыңдау» бөлімінде.

Ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын электронды мекенжай: e-mail: g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz, тел.: 87713770768, ndbecology.gov.kz.

Жоба материалдарымен қағаз түрінде Өскемен қаласы, Ә.Қашаубаев көшесі, 32А мекенжайы бойынша танысуға болады.

Ақпарат алуға және құжаттардың көшірмесін көруге болатын электрондық пошта мекенжайы мен телефон нөмірі: e-mail: shygyg-geo@mail.ru, oksanabaston@mail.ru, тел.: 87056022393.

Учаскенің географиялық координаттары және бұрыштық нүктелер бойынша әсер ету аумағының географиялық координаттары (солтүстік ендік/ шығыс бойлық):

1. 48°39'00»/84°58'00»
2. 48°39'00»/85°01'00»
3. 48°38'00»/85°01'00»
4. 48°38'00»/85°02'00»
5. 48°37'00»/85°02'00»
6. 48°37'00»/84°58'00»

ЖАРНАМА БӨЛІМІНІҢ

ТЕЛЕФОНЫ: 8 777 23 97 682,

ЭЛЕКТРОНДЫ ПОШТА:

MARKETING@ALTAINEWS.KZ

МҰРАГЕРЛЕР ІЗДЕЛУДЕ

■ **Сләмбеков Бақытбек Сләмбекұлы** (туған жылы 31.08.1967) 27.09.2025 жылы қайтыс болғаннан кейін мұра ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар нотариус Л.А.Сейтқановаға ШҚО, Өскемен қ., Буров көшесі, 6 мекенжайы бойынша жүгінуі тиіс.

■ ШҚО, Өскемен қаласы, Карбышев көшесі, 73А мекенжайында тұрған **Нұрсолтанов Тұсыпбек Құсмелланович** 04.09.2025 жылы қайтыс болғаннан кейін мұра ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде нотариус А.М.Шақеноваға Өскемен қаласы, Қ.Сәтпаев даңғылы, 4 мекенжайы бойынша жүгінуі тиіс. Жұмыс тел: 61-23-39.



«ALTAI-NEWS» МЕДИА-ОРТАЛЫҒЫ

«DIDAR» ГАЗЕТИНІҢ

**PDF-НҰСҚАСЫНА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛҒАНЫН
ХАБАРЛАЙДЫ!**

Электронды нұсқаны өз e-mail поштаңызға алу үшін бірнеше қарапайым қадам жасау қажет:

- 1) QR-кодты сканерлеңіз немесе интернет-браузер арқылы www.didargazeti.kz сайтына өтіңіз.
- 2) didargazeti.kz сайтындағы «Газетке жазылу» бөліміне кіріп, ұсынылған үш нұсқаның бірін таңдаңыз:

3 АЙҒА,

6 АЙҒА,

12 АЙҒА



3) «СЕБЕТКЕ ҚОСУ» батырмасын басыңыз.

4) Тауар себетке қосылғаннан кейін «ТАПСЫРЫСТЫ РӘСІМДЕУГЕ ӨТУ» батырмасын басыңыз.

5) Бос жолдарға өз деректеріңізді енгізіп, «ТӨЛЕМГЕ ӨТУ» батырмасын басыңыз. Жазылым ақысы сіз көрсеткен банк картасының нөмірінен автоматты түрде алынады.

Жазылым рәсімделгеннен кейін көрсетілген электронды поштаға газеттің жақын арадағы саны ғана емес, сонымен қатар ағымдағы айдағы барлық алдыңғы сандары да жіберіледі.

Жұлдыз-жорамал (2 – 8 наурыз)

ТОҚТЫ Бұл апта сіз үшін қарқынды басталады. Ішкі энергияңыз артып, көптен бері кейінге шегерілген істерді қолға алуға ниет пайда болады. Жұмыс барысында бастамашылдық танытсаңыз, басшылық тарапынан қолдау көруіңіз мүмкін. Жеке өмірде ашық әңгіме көптеген күмәнді сейілтеді.

ТОРПАҚ Апта тұрақтылық пен сабырлықты талап етеді. Материалдық мәселелерге көбірек көңіл бөлесіз, болашаққа жоспар құруға ыңғайлы кезең. Отбасылық ортада жылы атмосфера орнап, жақындарыңызбен қарым-қатынас нығаяды.

ЕГІЗДЕР Қарым-қатынас пен ақпарат алмасу белсенді болады. Көп кездесу, келіссөз, жаңа таныстықтар күтіледі. Шығармашылық идеялар молынан туындап, оларды жүзеге асыруға мүмкіндік туады. Демалыс күндері сапарға шығу немесе орта ауыстыру пайдалы болмақ.

ШАЯН Бұл аптада ішкі түйсігіңіз күшейеді. Бұрынғы мәселелерге жаңаша көзқараспен қарап, маңызды қорытынды жасайсыз. Қызметте жауапкершілік артып, сенім жүктелуі мүмкін. Отбасылық мәселелер бірінші орынға шығады, үлкендермен кеңескен абзал.

АРЫСТАН Сізді жарқын әрі нәтижелі кезең күтіп тұр. Көшбасшылық қасиеттеріңіз айқындалып, көпшіліктің назарында боласыз. Жұмыс барысында жаңа жоба бастауға немесе бастама көтеруге қолайлы уақыт. Дегенмен, өзгелердің пікірін ескеруді ұмытпаңыз.

БИКЕШ Ұйымдастыру қабілетіңіз бен ұқыптылығыңыздың арқасында көп істі еңсересіз. Құжаттар, есеп-қисап, жоспарлау жұмыстарын реттеуге ыңғайлы апта. Әріптестермен қарым-қатынаста сабыр сақтаңыз. Денсаулыққа көңіл бөліп, күн тәртібін дұрыстаған жөн.

ТАРАЗЫ Шығармашылық пен шабыт күшейеді. Өнер, дизайн, жаңа жобаларға қатысты идеялар сәтті жүзеге асуы мүмкін. Әлеуметтік ортада белсенділік артып, жаңа таныстар табасыз. Жеке өмірде үйлесім орнайды, ортақ жоспарлар құруға қолайлы кезең.

САРЫШАЯН Апта ішкі өзгерістер мен терең ойларға толы болмақ. Бұрын шешілмей жүрген мәселелерге батыл қадам жасауға дайын боласыз. Қызметте құпия ақпарат немесе жауапты тапсырма сеніп тапсырылуы мүмкін. Қаржыда сақтық қажет, әсіресе қарыз беру мәселесінде.

МЕРГЕН Жаңа мүмкіндіктер мен жоспарлар кезеңі басталады. Сапар, оқу немесе кәсіби даму тақырыбы өзекті болуы мүмкін. Оптимизміңіз айналыңызға әсер етеді, бірақ уәдеге абай болыңыз. Аптаның ортасында маңызды кездесу өтеді.

ТАУЕШКИ Жауапкершілік пен тәртіп басты назарда. Қызметте ұзақ мерзімді жобаларды аяқтауға мүмкіндік туады. Басшылықпен байланыс нығаяды. Қаржылық тұрақтылық сақталады, бірақ ірі шешімдерге асықпаңыз.

СУҚҰЙҒЫШ Идеялар мен жаңашылдыққа толы апта. Әдеттен тыс шешімдер қабылдап, тың бағытқа бет бұруыңыз мүмкін. Достармен қарым-қатынас жанданады. Қоғамдық іс-шараларға қатысу сәтті өтеді. Қаржыда күтпеген табыс болуы ықтимал.

БАЛЫК Сезімталдық пен интуиция күшейеді. Ішкі әлеміңізге үңіліп, рухани дамуға көңіл бөлесіз. Шығармашылық істерде шабыт мол. Қаржы мәселесінде ұқыптылық танытыңыз. Жеке өмірде романтикалық көңіл күй артып, жылы кездесулер болады.

DIDAR

Магазин

Показаны все результаты (4)

Didar газеті 12 айға жазылу
6000,00 ₸

[В корзину](#)

Didar газеті 3 айға жазылу
1850,00 ₸

[В корзину](#)

Didar газеті 6 айға жазылу
3000,00 ₸

[В корзину](#)

Егер сіз тек соңғы нөмірін сатып алғыңыз келсе, didargazeti.kz сайтының басты бетінде

«PDF ЭЛЕКТРОНДЫ ГАЗЕТ» батырмасын басып, ұсынылған нұсқалардың бірін таңдаңыз.

«DIDAR»
ҮЙІҢІЗГЕ ЖЕТКІЗІЛЕДІ:
Жылдам! Қолжетімді! Оңай!



Индекс	«Қазпошта» АҚ арқылы				Редакция арқылы				
	1 ай, теңге	3 ай, теңге	6 ай, теңге	12 ай, теңге	Индекс	1 ай, теңге	3 ай, теңге	6 ай, теңге	12 ай, теңге
19071 (жеке)	872	2616	5232	10464	19071 (жеке)	686	2058	4116	8232
19073 (жеңілдік)	832	2496	4992	9984	19073 (жеңілдік)	616	1848	3696	7392
19072 (мекеме)			8003	16006	19072 (мекеме)			5520	11040

БАҚ-тың меншік иесі:
«ALTAI-NEWS» медиа-орталығы» ЖШС

«DIDAR» газеті Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеліп, 2025 жылғы 26 наурыздағы №KZ11VPY00115455 куәлігі берілген. «DIDAR» газеті – ҚР Президенті грантының және Қазақстан журналистика академиясы «Алтын жұлдыз» сыйлығының иегері. Мекенжай: 070003, Өскемен қаласы, Гоголь көшесі, 36.

«ALTAI-NEWS» медиа-орталығы» ЖШС
Бас директоры
А.К. ДҮЙСЕНОВ

Контент-редактор
А.БАҚЫТҚЫЗЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 8(7232)75-17-97
Жарнама бөлімі:
8-777-239-76-82,
8(7232) 75-28-22,
e-mail: marketing@altaynews.kz

«DIDAR» газетінің сайты:
www.didargazeti.kz
+7 777 239 7682

Жарияланған материалдардағы пікір редакциянікімен сәйкес келмеуі мүмкін. Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді. Белгісі қойылған материалдар коммерциялық негізде жарияланады. Материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға тыйым салынады.

Газет
«Дом печати» ЖШС-нің
баспаханасында басылды.
Павлодар облысы,
Павлодар қаласы,
Астана көшесі, 143.

Көлемі 4
баспа табақ.
Газет аптасына
бір рет шығады.
Таралымы 3700
Тапсырыс №9

